

# ЛЕНИН ТУЫ

ҚАЗАҚСТАН КП СОЛТУСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ, ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТТЕРІНІҢ ЖӘНЕ ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 227 (9804)

1955 жылғы 16 ноябрь

Сәрсенбі

Шығуына 36 жыл.  
жеке саны 20 тыйын

## МАЛ ҚЫСТАТУДЫҢ АЛҒАШҚЫ КҮНДЕРІ НЕ КӨРСЕТТІ

Январь Пленумының қаулысымен жігерленген мал өсірушілердің қажырлы еңбегі арқасында, облысымыздың көптеген ауылшаруашылық артельдері қоғамдық мал шаруашылығын өркендетіп, оның өнімділігін арттыруда елеулі табыстарға жетті. Облыстың көптеген алдыңғы қатарлы колхоздары мен бірсыпыра совхоздарында мал шаруашылығын өркендетудің және өнімділігін арттырудың мемлекеттік жоспарлары артығымен орындалды. Көп шаруашылықтарда малдың, әсіресе төл есебінен өсірілуіне аса маңыз берілді, малдың тұқымдық составын жақсарту күресінде алға қалам басқандық байқалды.

Бірақ, бұл істің бастамасы ғана. Әлгіме, мал шаруашылығында қол жеткен табыстарды баянды етуде болып отыр. Ол үшін мал шаруашылығындағы ең маңызды көзге — мал қыстату маусымын барлық жағынан ұйымшылдықпен өткізу қажет.

Айта кету керек, облысымызда мал қыстатуға жан-жақты әзірліктен кірісіп, малдың қорасын жылы, азығы мол болуына жетікпен және мал қыстатудың алғашқы күнінен бастап-ақ, малды күтіп-бану жұмысын дұрыс ұйымдастырып отырған шаруашылықтар аз емес.

Алайда, облысымыздың бірқатар колхоздары мен совхоздары мал қыстатуға әзірліксіз кірісті, мал қораларын кезінде салып алмады, ескі қораларды жөндемеді, қыстауларға дайындалған жемшөпті толық тасып алмады, мал қыстатудың алғашқы күндерінен бастап-ақ үлгілі ұйымдастырылуына ишенуші шаралар қолданбады, ең алдымен мал фермаларын тұрақты қадірмен толықтырмады. Мал шаруашылығын өркендету күресінде мұндай кемшілікке Қыялы астық совхозы сияқты ірі шаруашылықта алғашқы күндерден бастап-ақ жол берілгендігі қызығаларлық-ақ.

Газетіміздің бүгінгі санында Совет ауданының Биров атындағы колхозынан тәжірибелі еңбекші ғана хаты жарияланды. Хаттың жазамы қаншалықты шағын болғанымен, ол аталған колхозда жалайың аса елеулі екендігін аңғартады. Колхоз 1500-ден аса қой мен өшкіге

шаруашылығын онал әрі өрге бастырумен бірге, оның өнімділігін де еселеп арттыруда талап етіп отыр. Бұл талаптың дәрежесінде болу үшін, әсіресе, қысқы маусымда мал шаруашылығы өнімділігінің төмендеп кетуіне ешбір жол бермеу керек. Осы мақсатпен сауын сыйырларды құнарлы және басқа жемшөппен азықтандыру, сүрлемді, жақсы иішпенді және басқа жемшөпті тиімді пайдалану қажет.

Қазақстан КП Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советі «Республиканың колхоздары мен совхоздарында 1955—1956 жылдардың күзгі-қысқы маусымында сүт өндіруді арттыру шаралары туралы» қаулысында фермаларда сауын сыйырларға бүкіл сауылатын мерзімнің өнбойында сүттің сауылуына қарай норма бойынша құнарлы жемшөп берілуін, жұмыс тәртібі және сыйырларды азықтандыру нормалары белгіленуін, жемшөп тасу үшін қажетті транспорт құралдары бөлінуін, сыйырлардың бірқалыпты суарылуын ұйымдастыруды, сыйыр сауатын автоматтарды, жел двигателі мен су алатын басқа да механизмдерді іске қосуды, сыйырды бұзауыс сауу өдісін кезінен қолдануды талап еткен болатын. Қыс маусымында бұл шараларды мінсіз жүзеге асыру — әрбір колхоз және совхоз басшыларының, барлық мал өсірушілердің абыройы міндеті.

Машина-трактор станциялары колхоздарда қоғамдық мал шаруашылығын өркендетуге, мал қыстатуды ұйымшылдықпен өткізуге тікелей жауапты. МТС-тердің басты міндеті — барлық колхоздарға талдауға күндердің ішінде қаладағы жемшөпті қыстаулар қасына толық тасылып алынуын қамтамасыз ету болып отыр. Сондай-ақ колхоздардың мал шаруашылығы мамандарына да аса жүрделі міндеттер жүктеледі. Олар колхоз басқармасы және колхозшылармен бірлесіп отырып, мал азығын жұмсаудың айлық жоспарын жасауға, сөйтіп, мал азығының аса уқылыты және үнемді жұмсауына атсалысуға міндетті.

Мал шаруашылығын өркендетудің аса жауапты көзін — мал қыстату маусымында колхоз және совхоз партия ұйымдарынан зор жұмыстар атқару талап еті-

## КПСС XX съезі құрметіндегі жарыс

### Жарыс озаттары БІР ТЕПЛОВОЗДА

Совет Одағы Коммунистік партиясының XX съезін өндірістік жаңа табыстармен қарсы алуды әрбір совет адамы, әрбір коллектив өзінің абыройлы борышы деп есептейді. Сондықтан да съезд құрметіндегі жарысқа совет адамдары қызу қосылуда. Бұл жарыста Петропавл теміржолшылары еңбек өнімділігін арттырып, халық шаруашылығына қажетті жүктерді жоспардан артық тасу үшін күресуде.

Машинист Сатыбалды Әміренов тепловоз жүргізуді ойдағыдай меңгергендіктен оның техникалық жылдамдығын сағатына 5 километрге дейін шапшаңдатуға жеткізді. Тепловозды айналымнан графикте көрсетілген мерзімде дәлме-дәл әкеледі. Ол жуырда жоспардан тыс 654 тонна жүк тасып, тонналаған жанармай үнемдеді.

Таңдаулы тепловозшы Михаил Войнов айға жуық мерзімнің ішінде ауыр жүк тиелген 10 поезд алып өтіп, жоспардан тыс 4704 тонна жүк тасыды.

Бір тепловозда істеуші Войнов жолдастың серіктесі В. Светников үш антаның ішінде ауыр жүк тиелген поездармен тоғыз рет сапарға шығып, жоспардан тыс үш мың тоннадай жүк тасыды.

Әміренов, Войнов және Светников жолдастар партияның XX съезіне дейін жоспардан тыс мыңдаған тонна жүк тасу, тепловозды пайдалануды жақсартып, оның техникалық жылдамдығын арттыра беру жөнінде жаңа міндеттемелер алды.

### Озаттар цехы

Қысқа мерзімді жөндеу цехының коллективі октябрь айының өндірістік тапсырмасын біржарым есеге жуық орындады. Мұнда, әсіресе Иван Плохий басқарған электршілер бригадасының адамдары еңбек өнімділігін арттыруда тамаша табыстарға ие болды. Бригада мүшелері — комсомолецтер. Комсомол мүшесі слесарь Е. Сергеев съезд құрметіне алған

М. С. Хрущев жолдастың ауылшаруашылық органдарының басшы қызметкерлерімен жасаған әңгімесі (1-бет).

КПСС XX съезі құрметіндегі жарыс. — С. Бейсенбаев, — Қаржыны мол үнемдеп жүр (1-бет).

Ауыл шаруашылығы өндірісіне нақтылы басшылық жасайтын болу керек (2-бет).

Партиялық-саяси жұмыстың дәрежесін

жоғары сатыға көтеру қажет (2-бет). ОБЛЫСЫМЫЗДА (2-бет).

С. Қанымов. — Лекциялық насихатты кезінен өрстетуге керек (2-бет).

Орыстың ұлы ғалымы Н. М. Сеченов (2-бет).

Е. Гмызин. — Қыста қойды қалай күту керек (3-бет).

РЕДАКЦИЯҒА ХАТ (3-бет).

РЕПОРТАЖ. — Н. Сәменов, — Совхоз

кітапханасында (3-бет).

Л. Қонарбаев. — Тұтынушылар қазіргі өтеу жолында (3-бет).

ХАЛЫҚТЫҚ ДЕМОКРАТИЯ ЕЛДЕРІНДЕ. Я. Иванов. — Ауыр өнеркәсіпті өркендету — Польшаны социалистік индустрияландырудың негізі (3-бет).

Төрт держава сыртқы істер министрлерінің Женевадағы кеңесі (4-бет).

Шетелдік хабарлар (4-бет).

## Қаржыны мол үнемдеп жүр

КПСС XX съезі құрметіндегі социалистік жарысқа ұштасқан қаладағы № 2 автобазаның коллективі еңбек өнімділігін арттыра отырып, өндірістік зор табыстарға ие болуда. Октябрь айының жоспары қала ішінде кісі тасыйтын автобус паркі бойынша 111,2 процент, жолаушылар және жүк тасыйтын такси паркі бойынша 108,2 процент, жеңіл машиналар паркі бойынша 128 процент орындалды. Ал жалпы автобаза бойынша айлық жоспардың орындалуы 115,8 процентке жетті.

КПСС XX съезі құрметіндегі социалистік жарыста әсіресе жолаушылар және жүк тасыйтын парктің коллективі елеулі көрсеткіштерге ие болып келеді. Өткен жылы облыс орталығынан Марьевка, Явленка, Корнеевка елді пункттеріне қарай жолаушылар тасуда біраз қиындықтар кездескен болатын. Бұл бағытқа қарай жолаушылар тасуға небары 10 автобус бөлінген еді. Кісі тасыйтын машиналардың аз болуы салдарынан жолаушылар кезінде жүріп өте алмай, қалада көп жатып қалатын-ды. Ал үстіміздегі жылы аталған бағытта жолаушылар тасуға 22 автомашина бөлінді, жолаушылардың кезінде қатынап тұруы қамтамасыз етілді.

Сол сыяқты бейбасы жылы алғаш рет Соколовка, Пресновка, селоларына, Аманкелді астық совхозына, Ново-Михайловка, Щучье және қорық Тюмень облысының Ильянка, Бердюжье селоларына жолаушылар тасыйтын автобустар жүріп тұратын болды.

Жолаушылар тасыйтын және жеңіл таксилерді жүргізуге көп жылдық тәжірибесі бар жоғары кластағы шоферлар бөлінген. Бұлардың ішінде автомашинаның тоқтаусыз жұмыс істеуіне жетісіп, күндіз, айлық тапсырмаларды үнемі артығымен орындап жүрген шоферлар аз емес. Олардың қатарында шофер Николай Попов жолдастың есімін атауға әбден болады. Ол № 93—70 ГАЗ—51 машинасын техникалық жоғары күтімде ұстап, бірнеше жылдан бері тоқтаусыз жүргізіп келіп отыр.

169 процент орындады. Үстіміздегі жылдың он айлық жоспарын 101,2 процент орындап шықты. Өзіне бөкітіліп берілген машинаны бапты ұстаған ол машинамен ұдайы ұзақ жол жүруге жетісіп келеді. Күрделі жөндеуге дейін машинамен 150 мың километр жол жүруге тиіс болса, ол кезір күрделі жөндеуге тұрмастан 179 мың километр жол жүруге жетісті. Осымен бірге ол 78 мың сом мемлекет қаржысын үнемдеді. Мартынов жолдастың еңбегі жоғары бағаланып, оған 4 мың сом мәнберінде ақшалай сыйлық берілді, бірнеше рет мақтау грамоталарымен наградталды, оған алғыстар да жарияланды. № 2 автобаза мен облыстық автомобильдер тресінің Құрмет тақтасынан Мартынов жолдастың есімін әруақытта көруге болады.

Сондай-ақ 9 айлық тапсырманы 110 процент орындаған ЗИС—155 автобусының шофері Владимир Сысоятин жолдастың № 2 автобазаның таңдаулыларының бірінен саналады. Ұлы Октябрь мерекесі құрметіндегі еңбек вахтасы күндерінде ол үнемі жоғары көрсеткіштерге жетіп, октябрь айына белгіленген тапсырманы 140 проценттен орындаған. ГАЗ—51 жүк таксисінің шоферлары Жолудев, Подивцев жолдастардың есімі де Құрмет тақтасынан бір түсіп көрген жоқ.

Автобаза дирекциясы Октябрь мерекесі алдындағы социалистік жарыста үздік табыстарымен кезге түскен 15 шоферға алғыс жариялады. Олардың ішінде Усольцев, Лихов, Овсянников, Стадников тағы басқа жолдастар бар. Осы алғыс алғандардың ішінде Иван Павлович Береза жолдастың да есімі аталады. Ол жүк такси паркінде сәуіне механигі болып істейді. Оның қамтуында 55 автомашина бар. Береза жолдастас автомашиналарға күнделікті байқау жасауды және жөндеу жұмыстарын белгіленген график бойынша жүргізуді қатаң талап етіп келеді. Бұл айтарлықтай нәтиже берді. Береза жолдастың жұмысқа келгеннен бері автомашиналар жөндеуде енді аз тұратын болды.

## Ұлғайтылған міндеттеме

Тепловоздарды шағын жөндеуден өткізетін цех — локомотив депосының озат цехтарының бірінен саналады. Мұнда жаңа техника мен озат технология процестері күнбе-күн жетілдіріліп отырылады. Коллектив адамдары алынған жаңа техникаларды шапшаң игеріп, еңбек өнімділігін еселеп арттырады.

Цех коллективі Ұлы Октябрь социалистік революциясының 38 жылдық мерекесі қарсаңындағы социалистік жарыста қол жеткен табыстарын баянды етіп келеді. Мұнда ноябрь айының алғашқы күндерінен бастап-ақ тепловоздарды шағын жөндеуден өткізу қарқынды жүргізілуде.

Жоспар бойынша цех коллективі бірінші онкүндікте 6 тепловозды шағын жөндеуден өткізуге тиіс еді. Коллектив өздерінің күш-мүмкіншіліктерін есептей келіп, локомотивтердің басқа қарап тұруын кемітуді, сол сыяқты әрбір онкүндіктегі норманы асыра орындауды ұйғарды. Цех адамдарының алған міндеттемесі мен істепен ісінің арасында алапақ-тық болған жоқ. Олар 5 ноябрь күніне дейін 7 тепловозды шағын жөндеуден өткізді. Ең соңғы тепловоз жоспар бойынша 36 сағатта жөндеуге тиіс болса, ол 15 сағат ішінде толық жөндеуден өткізіліп, сапарға шықты.

Тепловоздарды шағын жөндеуден өткізуде, әсіресе цехтың комсомол-жастары көзге түсерліктей еңбек етіп жүр. Мәселен, слесарь-комсомолец Лев Шапов смена сайын тапсырманы 400 процент орындайды. Ал электриктер Юрий Поляков, Николай Зайченко, Евгений Сергеев сыяқты жолдастар сменалық тапсырманы 300-320 процентке жеткізе орындауға әдеттенген. Цех жұмысшыларының 80 проценттен астамы смена сайын 2 нормадан орындайды.

Цехта өндірістің жаңа және озат әдістері кезінен қолданылады. Бйылығы



рынан олар көзір қар үстінде түнеуде.

Мал қыстатуды ұйымшылықпен өткізу жөнінде көзір өтіп жатқан аудандық партия конференцияларында жан-жақты сөз болуы керек. Жуырда өткен Петропавл аудандық партия конференциясында баян дамашының да, жарысөзге шығып сөйлеушілердің де мал қыстатудың алғашқы күндері жөнінде жұмған ауыздарын ашыауы мүлдем орынсыз. Мүмкін ауданда істеп жайы айта қаларлықтай болар? Жоқ, олай емес! Қыстың алғашқы күндерінде көп шаруашылықтардың әзірлігі жеткіліксіз болғандығы байқалды, малдың дұрыс күтімгеендігі жөнінде аудандық ұйымдарға кейбір дабылдар да жетіп түсті. Сонымен бірге, аудан жолхоздарында дайындалған жемішөттің небары 30 процентінің ғана қыстаулар қасына жеткізілгендігі әбден мәлім-ді.

Партиямыз бен үкіметіміз мал қыстатуды ұйымшылықпен өткізу жөнінде сөз болғанда малға, әсіресе сыйырларға сүрлемді көптеп беруге, жай азықты малға берер алдында бұландыруға және нәрлендіруге назар аударуға ерекше көңіл бөліп келеді. Бірақ бұл талаптан Ленин ауданының «Орталық» және «Еңбек» жолхоздарының басшылары әлі тиісті көрытындыны шығара қойған жоқ көрінеді. Жолхоз бен сөзхөз басшылары, олардағы партия ұйымдары мен мал шаруашылығы мамандары бұл мәселемен мал қыстатудың алғашқы күндерінен бастап-ақ тығғылықты шұғылдануға тиіс.

Еліміз бен халқымыздың мүддесі мал

## Н. С. ХРУЩЕВ жолдастың ауылшаруашылық органдарының басшы қызметкерлерімен жасаған әңгімесі

Осы жылғы 14 ноябрьде КПСС Орталық Комитетінде СССР Ауыл шаруашылығы министрлігінің басшы қызметкерлерінің және одақтас республикалар Ауыл шаруашылығы министрлерінің КПСС Орталық Комитетінің Бірінші Секретары Н. С. Хрущев жолдасымен әңгімесі болды.

СССР Ауыл шаруашылығы министрі В. В. Маджович жолдас осы жылғы 11—12 ноябрьде СССР Ауыл шаруашылығы министрлігі коллегиясының барлық одақтас республикалардың Ауыл шаруашылығы министрлерінің қапысуымен болған кең мәжіліс туралы қысқаша хабар жасады. Коллегияның бұл мәжілісінде мына мәселелер талқыланды:

1. 1955 ауылшаруашылық жылының алдын ала шығарылған қорытындылары және 1956 жылы егіннен мол өнім алу және мал шаруашылығының өнімін арттыру міндеттері;

2. Ауыл шаруашылығы органдарының жұмыстарын онан әрі жақсарту, дайындау ісін ұйымдастыру және ғылыми-зерттеу мекемелерінің жұмыстарын жақсарту шаралары туралы;

3. Жолхоздарда еңбеккүнге қосымша ақы төлеу жүйесі туралы.

Н. С. Хрущев жолдас әңгіме кезіндегі өзінің сөзінде ауыл шаруашылығы органдары басшы қызметкерлерінің назарын ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруді ұлғайту жолында машина-трактор станцияларына басшылық жасаудағы, жолхоздарды онан әрі нығайту жұмысындағы, ғылыми мекемелердің жұмысындағы елеулі кемшіліктерді тез жою қажеттігіне аударды.

Н. С. Хрущев жолдас ауылшаруашылық жылының қорытындысын жан-жақты шығару, алдыңғы қатарлы шаруашылықтардың тәжірибелерін қорытындылау және өндіріске енгізу, жолхоз кадрларын оқыту, тұқым шаруашылығын, әсіресе жүгерінің бұдан тұқымын өндіру ісін жақсарту, мал қыстатуды үлгілі өткізу және 1956 жылдың көктемгі егісіне әзірлікті ұйымшылықпен жүргізу міндеттерінің аса маңыздылығын атап көрсетті.

Мал өсірушілер арасында қыстың алғашқы күндерінен бастап-ақ бұқаралық-саяси және мәдени-ағарту жұмыстарын кең өрістетіп, Приешім ауданындағы «Бостандық» ауылшаруашылық артелинің партия ұйымы өте дұрыс істеп отыр. Жолхоз және совхоз партия ұйымдарынан міне осы талап етіледі. Олар әрбір мал фермасына үгітшілер тағайындауға, үгітшілердің мал өсірушілер арасында саяси-бұқаралық жұмысты үздіксіз жүргізуіне жетісуге, сонымен бірге, мал шаруашылығына тұрақты жұмысқа коммунистер мен комсомолдерді көптеп жіберуге тиіс.

Бұл істен аудандық партия комитеттерінің МТС аймақтары жөніндегі нұсқаушылар топтары да тыс қала алмақ емес. Олардың міндеті— фермалардағы жағдайды күнбе-күн біліп отыру, мал өсірушілер арасында саяси жұмысты өрістетуге, жолхоз партия ұйымдары мен басқармаларына социалистік жарысқа басшылық жасауда нақтылы көмек көрсету болып отыр.

Жоғарыда мал шаруашылығының қызметкерлері үкімет пен партияның ауыл шаруашылығын онан әрі өрле бастыруға бағытталған шараларымен жігерленіп отыр, дедік. Ауыл-өседі партия ұйымдарының міндеті— мал өсірушілердің сол саяси және өндірістік өрлеуін бастай біліп, кездескен кемшіліктердің үлгі-өзгелді жойылуына жетісу, сөйтіп, әрбір жолхоз бен совхозда мал қыстату маусымының ойдағыдай аяқталуын қамтамасыз ету болып саналады.

Міндеттемесін 400—400 процент етіп орындауда. Ол ақаусыз жұмыс істейді. Сондай-ақ, комсомол мүшелері, электр қуатымен металл балқытушылар Л. Шапов. В. Шипилов сыяқты жолдастар да сменалық нормаларын үнемі төрт еседен асыра орындайды.

Цех комсомол ұйымының (секретары И. Плохих жолдас) жаңа міндеттемелерді орындау, өнім саласын жақсарту беру күресіне комсомолдар мен жастарды қатыстыра білгендігін атап көрсету қажет. Жауынгерлік листок уақытында шығарылып, көрсеткіш тақта күн сайын толтырылып тұрады. Мұнда еңбектің озат өлістері көпшіліктің игілігіне айналып, жұмыстағы кемшілік, ақау жіберушілік сыналып отырылады.

## Бірінші орындағылар

Тепловоз жүргізуші Михаил Яшник—комсомолец. Комсомолец еңбек озаты бола білуге тиіс. Яшник жолдас мұны жақсы біледі. Бұл оны еңбекте жаңа табысқа жетелеуде. Жолаушылар поезын жүргізуші машинистердің алған міндеттемелерді орындау қорытындылары шығарылғанда жас тепловозшы комсомолец Яшник бірінші орынға шықты. Ол тепловоздың техникалық жылдамдығын сағатына 8,9 километр арттырған. Тепловоздың техникалық күтімділігі ойдағыдай, механизмдері ақаусыз жұмыс істейді.

Сол сыяқты, жүк тиелген составтарды алып жүруші машинистердің ішінде бірінші орынды тепловозшы Виктор Цибенюгин жеңіп алды. Социалистік жарыста алған міндеттемелерді мүлтіксіз орындау және машинаны техникалық күтімділікте ұстау жағынан ол көп машинистерге үлгі болғандай. Ол төрт аптаның ішінде 16 тоннадан астам жанармай үнемдеп, жоспардан тыс 5943 тонна жүк тасып, көрнекті табысқа ие болды.

М. ӘДІЛОВ.

## Алтыншы бесжылдық есебіне

Қаладағы электр қуатын өткізбейтін бұйымдар жасайтын заводтың коллективі партиямыздың XX-съезі құрметіндегі социалистік жарыс туын жоғары көтеріп, еңбек өнімділігін жүз санан арттыра түсуде. Заводтың үшінші цехының жұмысшылары көзір алтыншы бесжылдықтың есебіне өнім беруде.

Цехта өздерінің өндірістік тапсырмаларын ылғый 150—200 процент етіп орындайтын жұмысшылар көптеп саналады. Лаз кайнатушылар Дрягин, Дроздова, бригадир Тукачевалар өндірістік тапсырманы асыра орындаумен бірге, басқаларға да үнемі көмектесіп отырады. Олар өндірістегі тамаша еңбегімен көзге түсіп, коллективтің құрмет-қолеметіне бөленуде.

Ш. ҚАСЫМОВ.

жөту оның әдетіне айналған. Ол төрт өткен октябрь айында ғана Корнеевка, Шучье, Марьевка, Берпозье селоларына қатынап, 10800 сом кіріс кіргізді, айлық тапсырманы 103 процент етіп орындап шықты.

Ал жеңіл М—20 таксисінің шоферы Мартынов жолдастың көрсеткіші бұдан да жоғары. Михаил Мартынов жолдас өз ісінің шын мәніндегі шебері. Ол өткен октябрь айында белгіленген тапсырмасын

## Мал өсірушілер табысы

Ленин ауданындағы «Бірлік» жолхозының мал өсірушілері мал шаруашылығы өнімдерін өндіруді арттыру жолында елеулі табысқа жетті. Жолхоз сүт тапсырудың және мал шаруашылығын өркендетудің жылдық жоспарын 1 октябрьге дейін толық орындап шықты. Мал шаруашылығынан 64 мың сомнан аса пайда тапты.

Тек үстіміздегі жылы ғана мемлекетке сүт

босқа тұруы кеміп, автопарктың бірқалыпты өнімді жұмыс істеуіне көл жетті.

Партияның XX съезі құрметіндегі жарысқа қосылған № 2 автобаза коллективі өзінің ішкі мүмкіншіліктерін өсептей келіп, жылдық жоспарды 5 декабрьге дейін толық орындап шығуға міндеттенді. Коллективтің алған бұл жетеріңкі міндет-темені уақытында абырмен орындап шығуына мүмкіншіліктері жеткілікті.

С. БЕЙСЕНБАЕВ.

сату есебінен екі ЗИС—150 жүк машинасы сатып алынды.

Сүт саууда, әсіресе сауыншысы Күлнән Сағындыкова, Ғалия Жетісбаева жолдастар ерекше көрсеткіштерге жетісті. Олар қарауындағы 14 сыйырдың өрқайсысынан 1600—1685 литрден сүт алып, социалистік міндеттемелерін асыра орындап шықты.

Б. МҰСАЙПОВ.


## Жоспардан тыс қаңылтыр

Петропавлдағы А. И. Милкоян атындағы өт комбинаты литограф цехының коллективі бұл күндері жөтеріңкі қарқынмен еңбек етуде. Ұлы Октябрь мерекесі қарсаңындағы вахтада қол жеткен табыстарды баяндай отырып, литографшылар нормаларын күн сайын асыра орындауда. Бригадир Лидия Ярославцева сменасына біржарым нормаға дейін береді. Сол сы-

яқты қаңылтырды сорттаушы Любовь Твердохлебова, жүк тасушы Александр Сысольтин тапсырманы 135—140 процент орындап жүр.

Цех коллективі 1956 жылдың есебіне жұмыс істеуде. Көздің өзінде быйығы жоспардан тыс 78 мың табақ литограф қаңылтыры шығарылды.

Х. РАХМЕТОВ.



Полудин МТС-і бірнеше жылдан бері тракторларды тораптық әдіспен жөндеп келеді. Мұнда тораптық әдіспен жөндеудің шеберлері де көбейе түсуде. КПСС XX съезі құрметіндегі социалистік жарыста алған міндеттемелерін орындауда, әсіресе мотор жөндеушілер тобы озық келеді. Олар сменалық тапсырмаларды үнемі 150—170 проценттен орындап жүр.

СУРЕТТЕ: мотор жөндеуші озаттар (солдан оңға қарай) А. Зейбольд, А. Найверт, Л. Сабельфельд және Ф. Даймунд кезекті моторды тексеруге тапсырып тұр.

Суретті түсірген А. Бөделханов.

жылдың өзінде слесарьлар Галкин, Гон, бригадирлер Молев және Плохих жолдастар еліміздің басқа тепловоз деполарына барып, озат тәжірибе үйреніп қайтты. Көзір олар өздерінің алған білімдерін басқа жолдастарына үйретіп жүр.

Жақында бригадир Леонид Молев жолдас дизель цилиндрлерін тазартатын қосымша жабдық жасап шығарды. Жұмыстың бұл саласында еңбек өнімділігін едәуір арттыруға қолайлы жағдай туғызды. Ал бригадир Иван Плохих жолдастың жасаған бір ұсынысы тепловоздардың жөндеуде тұруын едәуір кемітуге мүмкіндік жасайды.

Өндіріс озаттарының тәжірибелерін насихаттауға және жаңалық ұсыныстарды зерттеп, өндіріске енгізуге цехта озат тәжірибені үйрену мәктөбі ұйымдастырылды. Мұнда өндіріс озаттары, инженерлер мен техниктер, сол сыяқты, тепловоз машинистері өздерінің тапқан жаңалықтарын ортаға салады.

Тепловоздарды шағын жөндеуден өткізу цех коллективі туысқан партиямыздың XX съезі құрметіндегі социалистік жарысты кең көлемде өрістетіп отырып, жылдық тапсырманы мерзімінен бұрын орындап шығуға және 100 мың сом мемлекет қаржысын үнемдеуге міндеттеніп отыр.

М. СЕРГЕЕВ.

## СЪЕЗД ҚҰРМЕТІНДЕГІ ӨРЛЕУ

ЯВЛЕНКА. (Өз тілшімізден). Ленин авторотасында КПСС-тің XX съезі құрметіндегі социалистік жарыс күн санап өріс алуда. Бұл күндері авторотаның әрбір шоферы күнделік және бескүндік тапсырманы толық және асыра орындауға жұмысшы.

Әсіресе, шофер Васильевтің еңбектегі көрсеткіші басқаларға үлгі боларлықтай. Ол өткен айдың тапсырмасын екiжарым есе етіп орындап шықты. Шоферлар Ошмарин, Казанцев, Нилюновтар да айдаңайға жоспарды артығымен орындайды.

Автомобильдердің үздіксіз жүруіне авторота мастерскойының жұмысшылары да келеті үлес қосуда. Токарь Радченко, электрик Мальцев және басқалары тапсырманы ылғый асыра орындап, автомобиль бөлшектерін жоғары сапада жөндеп жүр.

Авторота коллективінің қажырлы еңбегі өткен айдың жүк тасу жоспарын авторота бойынша 229 процент етіп орындауға мүмкіндік берді. Ноябрь айының бірінші жартысының жоспары да артығымен орындалды.

Коллектив мүшелері өздерінің ішкі мүмкіншіліктерін жан-жақты өсептеп, жылдық жұмыс жоспарын Советтік Конституция Күні— 5 декабрьге дейін орындау үшін күресуде.



## Ауыл шаруашылығы өндірісіне нақтылы басшылық жасайтын болу керек

Аудан партия ұйымы өзінің X конференциясына КПСС Орталық Комитетінің ауыл шаруашылығын шұғыл өрге бастыру жөніндегі қарарларын жүзеге асыруда кейбір табыстармен келді. Колхоздар мен совхоздар өткен жылға қарағанда өгіс көлемін 38 процент, соның ішінде бйдай өгісінің көлемін 13,3 процент ұлғайтты. Ал жүтері өгісінің көлемі бес еседен астам өсті. Аудан мемлекетке астық тапсыру жоспарын мерзімінен бұрын, 112 процент орындады. Осы сияқты колхоздар мен совхоздар мемлекетке ет, сүт тапсыру және сағу жөніндегі тапсырмаларды да артығымен орындап, Октябрь мерекесіне лайықты тартулармен келді.

Алайда, конференция делегаттары бұл табыстарға масаттанбады, оны аудан шаруашылығын өркендету жолындағы күресте тек алғашқы қадам ғана деп есептеді. Олар колхоздар мен МТС, совхоз партия ұйымдарының, аудандық партия комитетінің жұмысындағы кемшіліктер мен аудан коммунистерінің алдында тұрған міндеттерге баса назар аударды.

КПСС Орталық Комитетінің сөзінше, январь Пленумдары партия ұйымдарынан ауыл шаруашылығына іскерлікпен басшылық етуді, колхоздар мен МТС, совхоздардың жұмысын жақсартуда нақтылы нәтижелерге жетісуді талап етті. Алайда, конференцияда сөз сөйлеген жолдастардың сөздерінде келтірілген көптеген мысалдар мен фактілер Петропавл аудандық партия комитетінің бұл талапты әлі де жеткіліксіз орындап отырғандығын көрсетті. Мұның өзі аудандық партия комитетінің есебінен де байқалып қалды. Есепті бағанда жасаған аудандық партия комитетінің бірінші секретары Петухов жолдас партия ұйымдарының, әсіресе аудандық комитеттің ауылшаруашылық өндірісіне басшылығы туралы мардымды ештеңе айта алмады. Бұл, әрине, кездейсоқ жай емес. Өйткені аудандық партия комитеті, конференцияда атап көрсетілгендей, ауылшаруашылық өндірісіне басшылық етуде үстірттікке жол берді.

Жұмыстың мұндай теріс әдісі ауыл шаруашылығын өркендету ісіне қымбатқа түсті. Егіншілік пен мал шаруашылығына ғылым мен озат тәжірибенің табыстары баю ешкізді. Дала жұмыстарының мерзімі ұзаққа созылып, астықтың және басқа да дақылдардың шығымы төмен болуына және оның ысырапқа ұшырауына жол берілді. Қала маңындағы бұл аудандың колхоздары мен совхоздары картоп пен омыртқа мол өнім жыйнай алмады. Колхоздарда қоландық мал басы, әсіресе сыйыр малының саны өткен жылға қарағанда едәуір кеміп кетті.

Петропавл аудандық партия конференциясынан

Жамбыл атындағы колхоз партия ұйымының секретары Веселов жолдас артта қалған колхоздардың экономикасын көтеруге ісіне немқетті қарағаны үшін аудандық ұйымдарды өді сынады. Ол бесжылдық перспективалы жоспар жасалғаннан кейін оның орындалуы барысына аудандық партия комитетінің ешқандай назар аудармағандығы туралы мысалдар келтірді.

Конференцияда аудандық партия комитетінің өзінің жұмысында бастауып партия ұйымдарына сүйенбейтіндігі, оларға практикалық көмекті аз көрсететіндігі атап көрсетілді. Делегаттар Новахаққий, Ритинин және басқа бірқатар жолдастар аудандық партия комитетінің қызметкерлері, әсіресе бөлім меңгерушілері мен нұсқаушылары бастауып партия ұйымдарының секретарьларына партиялық-ұйымдастыру және партиялық-саяси жұмысты жолға қою жөнінде нақтылы көмек көрсетпейтіндіктері туралы айтты.

Бастауып партия ұйымдарының құрамын тандаулы колхозшылар мен МТС, совхоз жұмысшылары есебінен нығайтудың маңызы зор. Алайда, аудандық комитет бұл жөнінде де мардымды ештеңе істей алмады. Аудан партия ұйымында колхозшы шаруалардан шебары 88 коммунист ғана болуы осыны дәлелдейді. Рас, аудандық комитет, деді делегат Шелкунов жолдас, Сталин атындағы колхоз партия ұйымына екі коммунист жіберіп, оны нығайтпақ болды. Бірақ бізге келген коммунистер еңбекте еңеге көрсете алмай жүр. Олар аудан орталығына тұрақтай алмаған соң колхозға жіберіле салған көрінеді. Аудандық комитет колхоз партия ұйымдарын бұқараға еңеге көрсете алатындай коммунистер есебінен толықтыруға тиіс.

ККП аудандық комитетінің бастауып партия ұйымдарының секретарьлары арасындағы жұмысқа жете назар аудармайтыны, сондықтан кейбір бастауып партия ұйымы секретарьларының өз міндетін жете білмейтіні, конференцияда да байқалып қалды. Мәселен, Петропавл совхозы партия ұйымының секретары Михайлов жолдас өзінің сөзінде тек шаруашылық жұмыстары кемшіліктердің тізбегін айтып, ол кемшіліктерді жою жөнінде партия ұйымы, оның өзі қандай шара қолданғаны жөнінде жұмған аузын ала алмады. Осы себепті Михайловтың сөзі конференция делегаттарын қанағаттандырмады.

Делегаттар Лукин, Шеничнй, Фролов жолдастар аудандық партия комитетінің түрлі шаруашылық нааманлары кезінде

Конференцияда аудандық партия комитеті аппараты қызметкерлерінің колхоздар мен совхоздарда сирек болатыны, тіпті олардың кейбіреулерінің басшы партия қызметкерлерінің қастінен айырылғаны жөнінде сөз болды. Аудандық партия комитетінің МТС аймағы жөніндегі секретары Тимошин жолдас тұрмыста азды. Аудандық партия комитетінің насихат және үгіт бөлімінің меңгерушісі Абрисов, нұсқаушы Әбілмәжінов маскүнемдікке салынды. Бұлардың бәрі де қызметтен босатылды.

—Бұл жағдайға, — деді делегат Сәрсенбаев жолдас, — аудандық комитеттің секретарьлары Петухов пен Пономарев жолдастар тікелей кінәлі. Өйткені олар аппарат қызметкерлерінің жұмысымен күнбе-күн шұғылданып, бақылау жасамады. Аудандық партия комитетінің жанындағы партия ұйымының жыйналысы оқта-текте ғана өтті. Ал өндірістік жыйналыстар өткізу мәселесі жүзеге асырылмады. Мұның бәрі аппарат қызметкерлерін тәрбиелеу ісінің әлсіреуіне әкеліп соқты.

Осы сияқты, деді шешен оған өрі, аудандық комитеттің секретарьлары мен бюро мүшелерінің жұмысында мәжіліс-мәжіліс басым болды. Егін жыйнау кезінде бюро мәжілістері бес күн сайын өтіп, онда барлық колхоздар мен совхоз, МТС бастықтарының есебін тыңдау әдетке айналдырылды. Бұл мәжілістерде Петухов және аудандық Совет атқомінің председателі Маслова жолдастар ұзақ сөз сөйлеп, төменгі қызметкерлерге үрей, сөгуді беріп, де жоғары көрді. Партиялық-саяси жұмыстың және өндіріс озаттарының тәжірибесі жөніндегі мәселелер бюро мәжілістерінің күн тәртібінен орын талпай, түсіп қалып отырды. Петухов, Маслова, Пономарев жолдастар жергілікті жерлерде болғанда партия ұйымдарының жұмысына белсене араласпай, бүкіл жұмысты шаруашылық басшыларына жалпылама нұсқау берумен тындырып келді.

Сәрсенбаев жолдастың бұл пікірі делегаттар аудандық Совет атқомі председателінің орынбасары Серов, Логвиненко жолдастардың сөздерінде де қолдау тапты.

Конференцияда идеологиялық жұмыстың жайына көп назар аударылды. Кейбір партия ұйымдары мен аудандық комитет партия оқуы, бұқара арасындағы саяси жұмыс сияқты партиялық жұмыстың бірінші дәрежелі саласына басшылықты өлсірлеп. Сонымен қатар жарыссөзде сөз сөйлеген жолдастардың бірқатары комсомол, кәсіподақ ұйымдары мен сауда орындарының жұмысындағы елеулі кемшіліктердің бетін ашты.

Есепті бағанда бойынша жарыссөзде

## Орыстың ұлы ғалымы И. М. Сеченов

15 ноябрьде совет жұртшылығы өткен ғасырдың ең ірі жаратылыс зерттеушілерінің бірі —Иван Михайлович Сеченовтың қайтыс болғанына 50 жыл толуын атап өтті.

СССР Медициналық ғылым академиясының вице-президенті профессор В. Н. Черниговский ТАСС-тың тілшісімен әңгімелескенде мынаны айтты:

—И. М. Сеченовтың еңбектерінің көзiргi заманғы физиология үшін маңызын сөзбен айттып жеткізу қиын. Физиологияны терең білу және жаратылыс зерттеуші ғалымның дүниеге бірден-бір дұрыс көзқарасы материализм болып табылады деген көміл кеңес Сеченовтың бойында тұтас ұшасты.

1862 жылы атақты француз физиолог Клод Бернардың лабораториясында И. М. Сеченов эксперименттер жасап, оның бұл эксперименттері орталық нерв системасында қоздыру процесімен қатар бөгеу процесінің де болатынын тұңғыш рет дәлелдеп берді. Бұл жаңалық орталық нерв системасының қызметін зерттеудегі соңы жолдың негізін қалап берді, сондықтан да көзiргi ғалымдар нерв системасының физиологиясы жөніндегі зерттеудің қандайын болса да И. М. Сеченовтың нерв системасы туралы ғылымға қосқан күрделі үлесімен байланыстырып отыр.

И. М. Сеченов тамаша ғылыми жаңалық ашып, мынадай қорытындыға келді: жануарларда және адамда болатын, өздігінен деп аталатын әрекеттердің бәрі жүрдегі рефлекстер болып табылады. Ол өзінің осы материалистік идеясын «Мыйдың рефлекстері» дейтін кітабында баяндап, дәлелдеп берді. Бұл кітапта адамның психиялық қызметі рефлексті түрде болады, сондықтан оны ғылыми жағынан жеке зерттеу мүмкін деген мәселе өте айқын, нағыз ғылыми тұрғыдан қойылды, талдап шешілді.

«Мыйдың рефлекстері» дейтін И. М. Сеченовтың кітабы материалистік философияны дамытуда аса көрнекті роль атқарды.

И. М. Сеченов өзінің бірқатар зерттеулерінде психологияның кейбір проблемаларын материалистік тұрғыдан дәлелдеуге тамаша әрекет жасады. Адамның бұлшық ет қызметінің физиологиясына арналған зерттеулер оның аса үздік еңбектерінің қатарына жатады. Адамның еңбектегі процестерін зерттейтін көзiргi заманғы физиология осы салада бірқатар аса маңызды заңдылықты ашып берген И. М. Сеченовтың мұрасын үнемі пайдаланып келеді.

И. М. Сеченов орыстың кемелгер ғалымы Иван Петрович Павловтан бұрын өмір сүрді. Павловтың еңбектері де орталық нерв системасына және оның жоғары



Қаладағы балалардың музыка мектебінде фортепиано, скрипка, домбыра және баян класстары бойынша көптеген талантты жас өспірімдер оқын жүр.

СУРЕТТЕ: II класс оқушылары Сапа Корсаков пен Лора Каменева У класс программасы бойынша шығарма орындау үстінде.

Суретті түсірген А. Розенштейн.

## Жұмысшылар комитеті председателінің есебі

ККП Полудин аудандық комитетінің бюро мәжілісінде Полудин МТС-і жұмысшылар комитетінің председателі Кайер жолдастың кәсіподақ ұйымының жұмысы жөнінде есебін тыңдады.

Бюро мәжілісі кәсіподақ ұйымының жұмысындағы елеулі кемшіліктердің бетін ашты. Жұмысшылар комитеті кәсіподақ ұйымының жұмысына қанағаттанғысыз басшылық етеді. Станцияның трактор бригадалары мен жөндеу мастерскойында 26 кәсіподақ топтары құрылған. Бірақ жұмысшылар комитеті тарапынан

басшылықтың әлсіреуі себепті олардың көпшілігі жұмыс істемейді. Бригадалар мен жеке адамдар арасындағы социалистік жарыстың барыс кезінде төксеріліп, өндіріс озаттарының тәжірибелерін насихаттау ісіне қажетті назар аударылмайды. МТС дирекциясы мен жұмысшылар комитеті өндірістік кеңестердің рөлін бағаламайды.

Аудандық комитеттің бюросы жұмысшылар комитетінің кәсіподақ ұйымына басшылығын жақсарту жөнінде шаралар белгілеп, қаулы қабылдады.

## Кітап қоры өсуде

Жыл сайын облыс кітапханаларының қоры өсіп келеді. Бұған байланысты тұрақты кітап оқушылардың саны да көбейе түседі. Саяси, көркем шығармалармен бірге ауылшаруашылық кітаптарын оқушылардың саны да көбейе түсуде.

Облыста кітап қоры бай кітапханалардың бірі Образцова МТС-нің кітапханасы. Мұнда 3 мыңнан астам саяси, көркем, ауылшаруашылық, техникалық әдебиеттер және басқа кітаптар бар. Механизаторлар өз кітапханаларынан үнемі түрлі әдебиеттерді алып оқиды.

Комбайншы Анна Сечная быйыл 24 кітап оқып шықты. Ал, төкарь Владимир

Ефимовтың да оқыған кітабы осы шама-лас. Бригадир Павел Малышев жыл басынан бері 60-тан астам түрлі кітаптар оқыған. Мұндай мысалдары көптеп келтіруге болады.

Кітапханада әдебиет көштері, кітап оқушылар конференциялары өткізіліп тұрады. Онда кітапхана активі—механизаторлар белгілі бір шығарма бойынша бағанда жасайды. Кітап оқушылар конференцияда өтіп отырған шығарма жөніндегі өздерінің сын пікірлері мен ескертпелерін айтады.

Т. ЕРМЕКОВ.

## Еңбекшілерге товарлар көп сатылуда

Жыл сайын еңбекшілерге азық-түлік және өндіріс товарлары көптеп сатылуда. Товар сататын магазиндердің саны

лион сомның азық-түлік және өндіріс товарлары сатылды. Бұл өткен жылдың осы мерзімімен салыстырғанда 5,5 миллион сом артты.



«Қазақстанның 30 жылдығы» жолхозының председатели Ляшевич жолдас, — әрбір жолхоздың өзіндік ерекшеліктерін ескермейді. Біздің жолхозға жаздық және жүздік егістердің жоспары қолда бар егістік жердің көлемінен артық белгіленеді. Осының салдарынан ауыспалы егіс тапшылығының жүйесі сақталмады, жолхоз егісті қара пар мен тыңайған жерлерге орналастыра алмай, ауылшаруашылық дақылдарынан өнімді аз жыйнап келеді. Бұл мәселемен МТС-тің мамандары да алаңданады.

## Партиялық-саяси жұмыстың дәрежесін жоғары саптыға көтеру қажет

Булаев аудандық XX партия конференциясы делегаттардың зор белсенділігімен өтті. Есепті баяндама жасаған аудандық партия комитетінің секретары Курлов жолдас және жарыссөзге сөйлеуші жолдастар аудан еңбекшілерінің ауыл шаруашылығын өркендету жолындағы қол жеткен табыстарын ортаға салды. Жолхоздар мен совхоздар тың және тыңайған жерлерді игеру есебінен егіс көлемін 77 процент ұлғайтты. Олар мемлекетке астық тасыру жоспарын абыроймен орындады. 1954 және 1955 жылдары тың және тыңайған жерлерде ұйымдастырылған совхоздар быйыл мемлекетке біржарым миллион пұттай астық тапсырды. Мал шаруашылығы өнімдерін арттыру жөнінде де кейбір табыстарға қол жетті.

Конференция бұл табыстарға сын көздерімен қарап, ауыл шаруашылығын өркендетуде орын алып отырған елеулі кемшіліктердің де бетін алғыз. Егіншіліктің және мал шаруашылығының мәдениеті өлі де төмен болып келеді. Осының салдарынан ауылшаруашылық дақылдарынан үстіміздегі жылы мол өнім жыйналмады. Аудан мал шаруашылығын өркендету жөніндегі жоспарды бірде-бір түлік бойынша орындай алмады. Делегаттар партия ұйымдарының, аудандық комитеттің жұмысына осы тұрғыдан қарап, ауыл шаруашылығы өндірісіне басшылық дәрежесі өлі де төмен екенін атап көрсетті.

Булаев МТС-нің директоры Лепехин жолдас өзі басқарып отырған станцияның жұмысындағы кемшіліктерге тоқталды. Мұнан кейін ол мал шаруашылығындағы кадрларды коммунистер мен комсомолецтер есебінен толықтыру ісіне жете назар аудармағаны үшін аудандық комитетті сынып алды.

«2-ая пилетка» жолхозының председатели Марук жолдас жолдас партияның XX съезі құрметіне ерекшелікпен жарысқа ұштасып, өндірістік жаңа табыстарға ие болып отырғанын хабарлады. Жолхоз мемлекетке шошқа етіп, сүт және жүн тапсыру жөніндегі жоспарларды толық орындады. Мал қыстату маусымына ұйымшылдықпен кірісті. Мү-

басшы партия, жергілікті кадрлардың күшіне сенбей, көптеген уәкілдер жіберетіні, бұл уәкілдердің көпшілігі жұмысқа ешқандай пайда келтірмейтіні туралы айтты.

—Аудандық комитетте өкіл күннің бірінде түрлі кеңестер өтіп жатады. Мен октябрь айында ғана 13 кеңеске қатыстым, — деп мәлімдеді аудандық мәдени-ағарту бөлімінің меңгерушісі Луккин жолдас, — түрлі кеңестер мен уәкілдікте ғана жүретін болсақ, өзімізге тапсырылған жұмысты орындауға уақыт қалатын емес.

### Булаев аудандық партия конференциясынан

нан кейін ол аудандық ұйымдардың жолхоз өндірісін өркендету жөнінде жоспар жасауда жергілікті жерлердің инициативаларын толық қолдамайтындарын айтты.

Карл Маркс атындағы жолхоздың председатели Гаев жолдас МТС аймағы жөніндегі нұсқаушылар тобы жұмысының жайына тоқталды. Курлов жолдас баяндамасында, деді шешен, нұсқаушылар тобының жұмысы жөнінде ештеңе айтылмады. Бұған мен бермеуге болмайды. Өйткені еңалдымен аудандық комитеттің өзі нұсқаушылар тобының жұмысын жете бағаламайды. Топ қызметкерлерінің жергілікті жердегі жағдайды жақсартуға ықпалының төмен болуының бір себебі осы ғой деп ойлаймыз.

Біз, жолхоз басшылары, басшы партия қызметкерлерінен нақтылы көмек көрсетуді қажет етеміз. Алайда, аудандық комитеттің секретарьлары, әсіресе Курлов жолдас өзі жолхоздарды басқаруға келген отызымыңшылардың жұмысымен танысып, оларға ақыл-кеңес беру үшін уақыт таппай келеді.

Маленков атындағы совхоз партия бюросының секретары Крысанов жолдас өзінің сөзінде жаңа жерлерге қоныстанушыларды пәтер үйлермен қамтамасыз ету ісіне тоқталды. Ол аудандық партия комитетінің құрылыс мәселесіне жете назар аудармайтынын айтты. Совхозға көптеген өкілдер келеді, бірақ олардың көрсеткен көмектері шамалы болып жүр. Ауданның басшылары Курлов, Имаков және Қизатов жолдастар совхозда болғанда жұмысшылардың қалың бұқарасымен кездесуді, олар үшін лекциялар оқып, саяси тақырыптарда баяндама жасауды ескермейді. Басшы партия, совет қызметкерлері бұқарамен тығыз байланыс жасаған күнде ғана өздеріне жүктелген жоғары міндеттің дәрежесінде бола алатынын естен шығармауы қажет.

Возвышен совхозының директоры Богинич жолдас аудандық партия комитетінің

27 адам сөз сөйледі.

Конференция аудандық партия комитетінің жаңа құрамын және облыстық партия конференциясына делегаттар сайлады.

\* \* \*

Аудандық партия комитетінің бірінші пленумы ұйымдастыру мәселесін қарады. Аудандық комитеттің бірінші секретары болып Петухов, екінші секретарлығына Пономарев, МТС аймақтары жөніндегі секретарьлары болып Богунов, Веретенников жолдастар сайланды.

совхоздар аймағы жөніндегі секретары Сотниченко жолдас сөйледі. Ол, біздің совхозда, деді шешен, жол-жөнекей ғана болады. Ал топ нұсқаушыларының быйылдай біздің шаруашылықта болғанын көрген емеспіз. Совхоздар аймағы жөніндегі топ қызметкерлерінің жұмысын басқа да бірқатар делегаттар сынып алды.

Осылай болғандықтан Сотниченко жолдас өзінің сөзінде әділ сынды мойындап, топ жұмысын жақсарту жөнінде қажетті шараларға тоқталуға тиіс еді. Бірақ олай болмады. Сотниченко жолдас өзіне сын айтқан жолдастарды орынсыз кінәлап, нұсқаушылар тобының жұмысындағы елеулі кемшіліктердің бетін бүркемелеуге тырысты.

Делегаттар Нелушенко, Куренный, Паньков жолдастар аудан партия ұйымында бұқаралық-саяси, идеологиялық жұмыстың басқа да түрлерін жақсартудың қажеттілігіне тоқталды. Көп жерлерде үгітшілердің құрамы саяси жұмысты ұйымдастыруда тәжірибесі бар адамдар есебінен толықтырылмаған. Үгітшілердің өңгімелері мен саяси баяндамалары бірқатар жағдайларда жолхозшы шаруалар мен МТС, совхоз қызметкерлерінің алдында тұрған міндеттермен ұштастырылмай, жалаң жүргізіледі. «Красное знамя», «2-ая пилетка» жолхоз партия ұйымдарында партия оқуы жүйесіндегі алғашқы сабақтар өтпей қалды.

Конференцияның жұмысына облыстық партия комитетінің секретары Омаров жолдас қатысып, сөз сөйледі.

Конференция партия ұйымдарының жұмысын онан әрі жақсарту жөнінде қарар қабылдады, аудандық партия комитетінің жаңа құрамын және облыстық партия конференциясына делегаттар сайлады.

\* \* \*

Аудандық партия комитетінің бірінші пленумында аудандық партия комитетінің бірінші секретарлығына Курлов, екінші секретарлығына Рыбаков, МТС және совхоздар аймақтары жөніндегі секретарьлары болып Майкин, Филькин, Сотниченко жолдастар сайланды.

ры органы —мыңдық үлкен жарты шарының қабыршағында болатын ең қиын процестерді материалистік тұрғыдан түсіндірудің тамаша үлгісі болды.

И. М. Сеченов өзінің аса үздік шәкірттерін қалдырды. Ең ірі физиологтер Н. Е. Введенский, В. Ф. Вериге, А. Ф. Самойлов, М. Н. Шатерников және басқалары оның ізбасарлары болды.

И. М. Сеченов орыстың жаратылыстану ғылымының аса көрнекті өкілдері И. И. Мечниковпен, К. А. Тимирязевпен және басқалармен үнемі байланыс жасады.

Нервизм идеяларын совет ғалымдары денсаулық сақтау ісінің теориялық проблемаларын талдап шешуде де, сондай-ақ оның практикалық міндеттерін шешуде де кеңінен пайдаланып келеді. Мысалы, нервизм идеялары негізінде гипертониялық аурудың пайда болу теориясы жасалды, оның емдеу әдістері ұсынылды. Емдеу процесі болып табылатын ұйқатту теориясының әдісі кеңінен, бір қатар жағдайда зор табыспен қолданылды. Ұйқы ішкі ауруларды ғана емес, сонымен бірге бірқатар нервтік және хирургиялық ауруларды да емдеу ісінде қолданылып отыр.

И. М. Сеченовтың қайтыс болғанына 50 жыл толуын атап өту үстінде совет жұртшылығы ғылымның бай қазынасына бара жетпес үлес қосқан аса көрнекті ғалымды құрметтеп оны еске түсіруге.

(ТАСС).

## Лекциялық насихатты кеңінен өрістетуге керек

Саяси және ғылыми білімдер тарату Қоғамының Совет аудандық бөлімшесі жолхозшыларды, жұмысшылар мен ауыл-село интеллигенттерін лекциялармен қамту жөнінде бірқатар жұмыстар істеді. Соңғы кездерде ғылыми-атеистік және ауылшаруашылық тақырыптарға оқылған лекциялардың саны көбейіп, сапасы өдеуір жақсарды. Бірқатар селолық лекторийлердегі ұйымдастыру жұмыстарының ойдағыдай жүргізілуіне байланысты қоғам мүшелерінің лекциялық насихатқа қатысу белсенділігі артты.

Дегенмен де бөлімшенің жұмысында әлі де болса елеулі кемшіліктер бар. Жалпы алғанда, бөлімше өзіне жүктелген міндеттерді жүзеге асыруда қолда бар мүмкіншіліктерді толық пайдалана алмай келеді. Ауданда үстіміздегі жылдың 9 айы ішінде қоғам мүшелерінің күшімен небары 139 лекция оқылды. Мұның өзі осы мерзімде бұл жөнінде белгіленген жоспардан анағұрлым кем және осының ішінде қазақ тілінде оқылған бірде-бір лекция жоқ.

Жолхоз, совхоз, МТС-термен жасалған шарт бойынша оқытуға тиісті лекциялардың жартысына жуығы ғана оқылған. Көп жағдайларда лекциялар жолхоздар мен совхоздардың орталық усадьбаларында ғана өткізіледі, ал фермалар мен жайылым участоктерінде, бригадалар мен бөлімшелерде лекторлар өте сирек болады.

Жұмысшыларды жабықтау бөлімдерінің магазиндері ғана теміржолшыларға 5 миллион 2 мың сомның маталарын, 3 миллион 3 мың сомның киім-кешектерін, 2 миллион 7 мың сомның аяқкиімдерін, 2 миллион 7 мың сомның үй мебельдерін сатты. Быйыл теміржолшыларға 65 мил-

### ЖАҢА КЛУБ

Петропавл ауданындағы «30 лет Казахстана» ауылшаруашылық артелінің еңбекшілері өткен жылы сәулетті жаңа клуб үйін салу туралы қауып алған болатын. Жұырда клуб құрылысы аяқталып, ол пайдалануға берілді.

Клуб үйі шалақоботоннан салынған. Онда 250 адамдық үлкен зал, кітапхана, оқу залы үшін бөлмелер, сол сияқты селолық көркемөнерпаздары үшін арнаулы жабықталған орындар бар. Клуб үйіне тұрақты киноқондырғы орнатылған.

З. ҚАСКЕЕВ.

### ЖАҚСЫ КӨРСЕТКІШТЕР

Бонюхов ауданындағы «Пролетарское знамя» жолхозының шошқа өсірушілері Елизавета Гросс, Лида Шрайнер, шошқа фермасының меңгерушісі коммунист Аношкинаның басшылығымен жаңа табыстарға жетті. Олар әрбір мезгілінен

Темір жол бойында жолаушыларды және теміржолшыларды қамтитын магазиндер ашылуға. Омек темір жолының бойындағы Булаево және Макушино станцияларында жаңа магазиндер ашылып, олар еңбекшілердің мұқтажын абыроймен өтеуде.

Т. МӘНЕНОВ.

### МӘДЕНИЕТ ОРТАЛЫҒЫ

«Баян» жолхозының (Преснов ауданы) клубы мәдениет орталығына айналуға. Мұнда жұмыстан бос уақытта келіп, жаңа газет-журналдарды оқып, шахмат, дойбы, билард ойыны отырған жолхозшылар мен жергілікті интеллигенцияның кездестіруге болады.

Клуб коллективінің өнегелі жұмысын жоғары бағалап, Қазақ ССР Мәдениет министрлігі клубқа 20 мың сомның түрлі мебельері мен кітаптар жіберген болатын. Көзгі клуб бұл мебельдердің бәрін алды.

Қ. МҰҚЫШОВ.

жоспардағы 12 торайдың орнына 13 торайдан алды.

Шошқа өсірушілер шошқалардың қондылығын арттыру жолында да көп еңбек етті. Быйыл жолхоз мемлекетке 53 бас жартылай майлы шошқа тапсырды.

М. БАКЕНОВ.

Идеологиялық жұмыстың маңызды салаларының бірі— лекциялық насихатты кең көлемде ұйымдастыру міндетін аудандық мәдениет бөлімінің лекторлар тобы да атқаруға тиіс. Алайда мұндағы лекторлар тобы осы мерзімде ешқандай да жұмыс істеген жоқ, өйткені ол шын мәнінде ұйымдастырылған емес.

Лекторлар тобының құрамы жыл басында аудандық атқару комитетінің жыйналысында талқыланып, бекітілуге тиісті еді. Дегенмен, бұл жұмыс іс жүзінде орындалмай қалды, сондықтан тізімде бар адамдардың көпшілігі өздерінің штаттан тыс лектор болып тағайындалғанын білмейді де және олардың бірқатары көзгі уақытта басқа жерлерге көшіп кеткен.

Лекциялық насихаттың бәсеңдетілуі саналылық дәрежесі төмен адамдардың арасында социалистік қоғам тұрмысының ерекшелігіне жат көз қарастардың, ұғымдардың және шырғалдардың өршуіне әкеліп соғады. Сондықтан өткен заманнан мұра болып қалған сарқыншақтарды жою ісіне, еңбекшілерге идеологиялық әсер етудің маңызына жете мән беріп, саяси және ғылыми білімдер тарату Қоғамының аудандық бөлімшесі мен лекторлар тобы жаңа коммунистік моральдық бейнелі адамдарды қалыптастыруға өздерінің лайықты үлесін қосуға тиіс.

С. ҚАҒАМОВ.



# ҚЫСТА ҚОЙДЫ ҚАЛАЙ КҮТУ КЕРЕК

## Кой өсірушілерге кеңес

Облыс колхоздарында жергілікті аз өнімді қойларды биязы жүнді асыл тұқымды қойлармен будандастыру нәтижесінде қойлар біртіндеп биязы және биязылау тұқымды болып келеді. Дәл қазір, облыс колхоздарындағы қойлардың үштен екісі биязы және биязылау жүнді қойлар. Ал Булаев «племрасадниги» мен бірқатар колхоздарда тек биязы жүнді қойлар өсіріледі.

Биязы жүнді қойлар қыштық жүнді қойларға қарағанда әлдеқайда пайдалы. Өнімді көп береді. Осындай бірыңғай асыл тұқымды қойлар өсіріп келе жатқан «Красное знамя», «Красная крепость», Мичурин атындағы және Буденный атындағы колхоздар 1955 жылы әрбір қойдан орта есеппен 3,1 — 3,65 килограммнан жүн алып, әрбір 100 саулықтан 100—114 қозы өсірді. Сонымен бірге бұл шаруашылықтарда әрбір қойдан жылына 120 сомнан табыс түсті.

Алайда, бұл сыяқты көрсеткіштер әлі де болса сирек. Мұның екі себебі бар. Біріншіден, бірқатар колхоздар осы уақытқа дейін асыл тұқымды қойлар өсірумен шындығында айналыспай жүр. Екіншіден, биязы жүнді қойлар өсіріп жатқан колхоздар оларды дұрыс азықтандырмайды, күтім нашар. Ал мал тұқымы неғұрлым асыл болған сайын ерекше күтім тілейтіні, шапшаң келетіні белгілі.

Академик М. Ф. Иванов азықпен азықтандыру жөнін малдың ішкі және сыртқы организмі мен оның өнімділігіне үлкен әсер етеді, тіпті азықпен азықтандыру мал организміне оның тұқымдылығы мен төгінен де күшті ықпал жасайды деген.

Ендіше биязы жүнді қой шаруашылығын өркендету мүддесі колхоз басқармасының, қой өсіруші қызметкерлердің бұл маңызды шаруашылыққа атүсті қарауды жоюын талап етеді. Асыл тұқымды қойларды азықтандыру, күту және орналастыру, өсіру жағдайындағы озаттар тәжірибесімен, ғылым жаңалығымен жете таныс болуды талап етеді.

Биязы жүнді және будан қойлар құрғақ климатта жақсы өсіп-өнеді. Олар құрғақ, жарық және ың, жақсы желдетілген қораларда күтуді, қысы-жазы бірдей өртенгі жемшөппен тойдыра азықтандыруды қалайды. Мұнымен олардың тез өсуіне, жүннің жейлігіне мол болуына жетісу мүмкін емес.

Қойларды қалағанындай әртүрлі жемшөппен қажетінше қамтамасыз ету үшін әрбір колхоз жемшөп базасын молайту мәселесін ойдағыдай шешуі қажет.

Біздің облыстың қой өсіруші фермалары соңғы уақытқа дейін қойларды тек табиғи жайылымдықтарға қамап қояды, концентрат азық беру өте сирек, ал сүрлем сыяқты құнарлы азық беру практикасы атымен жоқ. Мұның бәрі қой шаруашылығын өркендетудің қанағаттанғы-

Арнаулы тәжірибелерден қойға күніне шөптен басқа 1,5 килограмнан сүрлем беру, шөпке осындай концентрат қосып бергеннен де, тіпті қойды ең шөпке қойып азықтандырылғаннан да артық нәтиже беретіндігін дәлелдеді. Сүрлеммен азықтандырылған тоқтылардың салмақ қосуды да, жүндестігі де ерекше жақсы болды.

Атап айтатын болсақ, қойларды сүрлем мен азықтандыру арқылы Булаев, Копылов аудандарының колхоздары үздік көрсеткішке жетті. Бұларда қозы алу, жүн қырку мөлшері өткен жылғыдан әлдеқайда өсті. Мысалы, Булаев ауданының «Красное знамя» колхозы өткен қыста қозылы қойларға 1,5—2 килограмм сүрлем, аздап концентрат қосқан 2,5 килограмм шөп берді. Осылайша азықтандырылған саулықтардың қозы төмендеген жоқ, жүнді де көп берді, ал қозылардың тәуліктік салмақ қосуды 250—300 граммға жетті.

Қойларды сүрлеммен азықтандырудың нәтижесін көзбен көрген облыс колхоздары сүрлемді жеткілікті мөлшерде әзірледі. Әрбір қойға 3—4 центнерден сүрлем дайындаған шаруашылықтары да бар. Қой қыстатуды үлгілі өткізу үшін, жүнді көп алу үшін, мал басын аман сақтау үшін барлық колхоздары қой фермаларында әрбір қойға кемі 1,5—2 центнерден сүрлем болуы шарт.

Қойларды азықтандыруды нормалауда әрбір ірі қойға тәулігіне 1,3 килограмм азық бірлігі, қозылы қойларға—1,5, ал тоқтыларға—1,0 килограмм азық бірлігі берілуін қамтамасыз етуді ойластыру қажет. Қойлардың азығының әртүрлі болғаны, оның рационалына шөптің түр-түрі, сүрлем, сабан, концентрат енгені жөн. Бұл азықтың ысыралымы жоюға, еңімді болуын қамтамасыз етеді.

Қой түлігін әрқалай күту залалды нәрсе. Қой қолда-қорада тұрған кезінде барынша мол азықтандырылуға тиіс. Қой шаруашылығынан сонда ғана мол табыс күтуге болады. Тек 7-10 күн ішінде дұрыс азықтандырылмаған қойдың өзі күрт арықтайтынын, жүн өсуі нашарлайтындығын ұмытпау керек.

Облысымыздың озат колхоздары қысты күні күндіз қойды ашық аулада, лапастарда күтеді. Ал аязды күндері анда-санда қораға қамайды. Қыс қой түлігінің таза ауада болуы, оның организмі шынықтырады, жүннің қалың, әрі сапалы болып өсуіне, оның түлеп түсіп қалмауына жағдай жасайды.

Қойларды азықтандыруды дұрыс ұйымдастыру үшін оларды жынысына, жасына және басқа белгілеріне қарай топ-топқа бөліп орналастыру керек.

Озат колхоздарда қойлар қыс, ашық күндері аулада азықтандырылады. Сүр-

да қойлардың бірқатары сусыз қалуы мүмкін.

Саулықтарды қоздаған кезінде дұрыс азықтандырудың ерекше маңызы бар. Қоздасымен 7—10 күн бойы саулықтар жылы қорада күтіледі. Ал саулықтардың айғаннан кейін оларды лапастарға шығарып, күніне 3—4 рет қозыларын ембей алу керек.

Саулықты қозыдан бөлек күтудің көп пайдасы бар. Әдетте, қой қозысымен бірге тұрғанда қозы енесінің жүнін жалмап, ауруға жиі шалдығады. Бөлек тұрған қозы осыдан аман болады. Сонымен бірге жеке тұрған қозы тез оттығады. Жемшөпті пайдалану да жақсарады. Саулық қозымен бірге тұрғанда аласурып, шөп жемей көбін таптап тастайды және жүні түлеміз келеді. Саулық пен қозыны бөліп күту осы сыяқты сәтсіз жағдайдың берінен сақтап қалады.

Қой күзді қатты сүйетін мал екенін ұмытпау керек. Тұз аулада да, қорада да көп болуға тиіс. Тұз жетімей болса, қойдың азыққа құмарлығы кемиді, жүдей бастайды. Осымен бірге қойдың жүнін таза сақтау үшін ірі сабақты жемшөпті қой жоқ кезде шалу керек екенін, сүрлемді суарар алдында, концентратты суарғаннан кейін беру керек екенін қойшылар жақсы білуге тиіс. Таңертеңгілік пен көшкілікте құнары жем азықтар (шөп, сабан), күндіз—сүрлем, концентрат, көкшөп сыяқты қуатты азықтар берілуге тиіс.

Жалпы біздің облыстағы қой фермалары үшін мына жұмыс күні тәртібін ұсынуға болады: қойды таңертеңгілікте азықтандыру, қораны тазалау жұмыстары таңертеңгі сағат 7-де басталады. Бұл үш сағатқа созылады. Сағат 10-да суару керек. Ол—бір сағаттық жұмыс. Сағат 11-ден бастап аулаға шапшаң шөптің қырқындысын жыйнап, жаңадан шөп шапшылады. Күндізгі сағат 1-ден 4-ке дейін демалыс. Көшкі азықтандыру, суару сағат 4-те басталып, 7-де аяқталады. Осыдан таңғы 7-ге дейін, 12 сағат бойы қой тыныс алып жатады.

Айта кететін бір нәрсе, қойды күту жөні. Мал ішінде жүргенде және айдайлап, шөп-шайлап қойды үркіне беруден аулақ болған жөн. Орынсыз дауыстай берген соң қой шошынып ерсіл-қарсыл дүркірей береді, жемшөпті де дұрыс жей алмайды.

Таңертеңгілікте қойды қорадан аулаға бірден шығаруға керек. Бұлай өткенде бусанып тұрған қойлар суық өтіп ауруға шалдығуы мүмкін. Сол үшін алдымен 30—40 минуттай қораның есігін ашып салқындатып алу қажет. Қора бөдене салқындаған соң қойлардың есікке сығылып жазым болмасы үшін шопандар есіктің ішкі жағынан тұрып оларды еркімен өткізгені жөн. Бұл әсіресе саулықтардың іш тастауынан сақтандырады. Шопандар қойлардың басы-көзін, тұяқтарын, жүні-

## РЕДАКЦИЯҒА ХАТ

### Тұтынушылар тілегі қашан орындалмақ?

Жданов атындағы колхоздың орталығындағы магазиннің іші тар, төбесінен тамшы ағады, қысты күні ішкі қабырғасы қырауытып, оның ішіндегі тұрмысқа қажетті товарлардың сапасы жойылады. Ал, бұл жағдай Преснов ауданындағы Николаевка селолық тұтынушылар комитетінің председателі Шолақовты қынжылтар емес.

Колхоздың орталығында жаңа дүкен салу жөнінде, тұтынушылар бұдан үш жыл бұрын мәселе көтеріп, қаулы алғанды. Бірақ аудандық тұтынушылар одағындағылар және оның председателі Михеев жолдас тұтынушылардың бұл тілегімен санаспай, мүмкіншілігі бола тұра, жаңа дүкен салуды сөбесіз ұзаққа созып отыр.

Ауылдың мәдениеті, колхозшылардың тұрмысы күн санап жақсарып келеді. Өздерісіз қалғаны жалғыз дүкен. Бұл жағдай қашанға дейін созылмақ? Михеев жолдас тұтынушылардың тілегімен неге санаспай жүр?

Б. ЕЛЕУСІЗОВ.

### Қыс келгенде қысылды

Совет ауданы, Киров атындағы ауыл-шаруашылық артелінің басшылары соңғы күндері қатты абыржушылыққа ұшырады. Оларды мұндай халге түсірген жатқай—қой қораларының қыс күндеріне ойдағыдай дайындалмауы еді.

—Мен саған қой қорасын ерте бастап дайында деп неше рет айттым, —деп қынжылады колхоз председателі Жаннелісов қой фермасының меңгерушісі Өтебаевқа.

—Шөп шабумен айналысамын деп, саған қол тиді ме, —деп ақталады Өтебаев.

Өткен кешінімізгі бір-біріне аударамыз деп жүргенде 1500-ден астам колхоз қойы жөндөлмеген суық қорада түсеуде.

Артель мүшелері бұл сорақылықты тесарада жою шараларын жедел жүзеге асыруды колхоз басқармасынан қатаң талап етіп отыр.

Қ. ЖҰМАШКИН,  
Қ. ЗІКІРИН.

## ЖАРИЯЛАНБАҒАН ХАТТЫҢ

### ДЕРЕГІ

### «БІР ОРЫННАН ТАБЫЛМАЙТЫН ДӘРПЕР»

Редакцияға түскен осы тақырыптағы тілші хаты қажетті шаралар қолдану үшін Совет аудандық денсаулық сақтау бөліміне жіберілген болатын. Аудандық денсаулық сақтау бөлімінің меңгерушісі Боркина жолдас редакцияға, тілші дабылның анықталғандығын хабарлады. Өз міндетіне жауапсыз қарап, еңбекшілерді денсаулық сақтау ісін бетімен жіберген-

# СОВХОЗ КІТАПХАНАСЫНДА

## РЕПОРТАЖ

Возвышен астық совхозы облысымыздағы ең ірі де көптегі совхоздың бірі. Ол жақында ғана өзінің 25 жылдығын тойлады. Совхоздың орталық усадьбасында жұмысшылар тұратын тұрғын үйлермен бірге мастерской, гараж, мектептермен қатар әдемі клуб үйі салынған. Оның бір үлкен бөлмесінде совхоз кітапханасы орналасқан.

Кітапхананың оқу залында миллиард, шахмат, дойбы ойнап, газет, журнал оқып, мәдениетті дем алып отырған совхоз жұмысшылары мен қызметшілерін күн сайын кездестіруге болады. Жұмыстары тәжірибесі әлі аз, қарапайым, жас кітапхана меңгерушісі Екатерина Витрицак өз жұмысына ұқыптылықпен қарап, сөз таңбаларының мәдени қажеттерін өтеуге белсене атсалысып жүр.

Екатерина Витрицактың кітапхана меңгерушісі болғанына 6 айдай ғана уақыт өтті. Осы қысқа мерзім ішінде ол кітапхана активімен бірлесе отырып, кітапхана ішін безендірді, оны нағыз мәдениет орталығына айналдырды. Кітапхананың қабырғаларына партия мен үкімет басшылары-

ның портреттері, фото-монтаждар, жаңа кітаптардың тізімі ілінген. Кітапханада 4 мыңдай түрлі әдеби кітаптар бар. Ал, тұрақты кітап оқушылардың саны 400-ге жуық. Бұл цифр күн санап өсіп келеді. Кітапхана кітап оқушылар санын көбейту үшін көрмелер, газет, журналдардан дауыстап қызықты әңгімелер оқуды ұйымдастырады. Совхоз бөлімшелеріндегі жылжымалы кітапханалар да орталық кітапханадан жаңа кітаптар жөнінде кезінде көмек алып келеді.

Жазғы дала жұмыстары кезінде Екатерина Витрицак егін, трактор бригадаларында, қырман-дарда жиі болып, оларға кезінде жаңа газет, журналдар жеткізіп тұрды. Жауынгерлік листоктардың редколлегиясына көмектесті. Бұл күндері ол мал фермаларына жиі барып, мал өсірушілер арасында дауыстап газет, журнал оқуды ұйымдастырып жүр. Екатерина малшылардың қалаған әдеби кітаптарын кезінде әкеліп береді, фермадағы қызыл мүйістерді безенді-

руге көмектеседі. Жас кітапханашы тракторларды және басқа ауылшаруашылық машиналарын жөндеу кезінде жөндеу мастерскойларында болып, жауынгерлік листоктар шығаруға көмектесуде. Әрбір механизатормен және жұмыстар жүргізіп, оларды кітапханадан кітап алып оқуға тартуда да Екатеринаның зор еңбегі бар.

Бұл күндері кітапхана Вилис Лацистың «Жаңа жағалауға» деген көркем шығармасы бойынша кітап оқушылар конференциясын өткізуге әзірленуде. Бұған кітапхана активтері — механизаторлар, мал өсірушілер қатыспақшы.

Бірінесе адамнан құралған кітапхана советі бар. Советте кітапхана жоспары бекітіліп, жүргізілетін әралуан жұмыс түрлері талқыланады.

Екатерина Витрицак басқарған совхоз кітапханасының коллективі еңбекшілер арасында мәдени-ағарту жұмыстарын жан-жақты жүргізіп, оларды партияның XX съезі құрметіндегі социалистік жарыста жаңа тастықтарға жету күресіне жұмылдыруда.

Н. СӘКЕНОВ.

## Тұтынушылар қажетін өтеу жолында

Материалдық әл-ауқаты жақсарып, мәдениеті өскен колхозды ауылдың еңбекшілері қымбат бағалы, сапалы, сәнді бұйымдарды, көпшілік тұтынатын товарларды көптеп керек етеді. Ауыл еңбекшілерінің мұндай өскелең тілектерін орындау, олардың тілек-талаптарына үнемі құлақ асып отыру—сауда қызметкерлерінің үнемі көңіл бөлетін мәселесі.

Біздің селолық тұтынушылар қоғамының қызметкерлері мұндай маңызды міндетті баса өскеріп, тұтынушылар қажетін өтеуге аса әер салып жүр. Селолық тұтынушылар қоғамының дүкендерінде тұтынушылардың тілек-талаптары жазылатын арнаулы кітапханалар бар. Бұл кітапханаларға жазылған тұтынушылардың қажеттері мен тілек-талаптары қоғамның жиналыстарында талқыланады, сөйтіп еңбекшілер қажет етіп отырған товарларды көптеп әкелу шаралары белгіленеді.

Бұрынғы жылдармен салыстарғанда бұйым тұтынушыларды қамту едәуір жақсыра түсті. Колхозды ауылдың еңбекшілері өздерінің қалаған азық-түлік және өндіріс товарларын сол өздері тұрған ауылдың дүкенінен салтып алуына мүмкіндік туғызылды. Мұның өзі товар айналымы жоспарын асыра орындауға да мүмкіндік беруде.

Дегенмен тұтынушылар қажетін өтеуде кемшіліктер де жоқ емес. Мұның негізгі себебі, тұтынушылар қажет етіп отырған маусымдық товарлардың сауда орындарына кезінде түспеуінен туып отыр. Бұл жөнінде біз Октябрь аудандық тұтынушылар одағының, оның председателі Подольск жолдастың алдына талай рет мәселе қойдық. Алайда Подольск жолдас әлі күнге үде беруден аса алмай келеді.

Жасыратыны жоқ, кейбір сатушылардың жақсы товарларды прилавканың астына тышқыптып, тамыр-таңыстарына сатуы сыяқты қалайсыз фактілер де кез-



сыз халде екенін көрсететін жәйттер.

Быйығы жылы облыс колхоздарында жүгері жеткілікті егілді. Одан алынған өнім сүрлемді қалаған мөлшерде дайындауға, қойларды сүрлеммен толық қамтамасыз етуге жағдай жасады.

Қойды сүрлеммен азықтандырудың маңызы ерекше зор. Сүрлеммен азықтандыру қойдың организмнің ас сіңіруін жақсартады, ірі сабақты жемшөпке құштарландырады, құрсақтағы төлдің дамуын шапшаңдатады, сүттілігін арттырып, жүнді көп беруіне жағдай жасайды. Бұл—облысымыздың озат шаруашылықтарында талай рет тексерілген, ешбір шүбкесіз, анықталған жайлар.

Ем тек қарада, жылы жерде беріледі, ал күн жылы, сүрлем қатпайтын болса, онда сүрлемді де ашық аулада беруге әбден болады.

Лапастарда, аулаларда жемшөп әрбір үш-төрт қойға бір бөлектен шанығып беріледі де, соңынан қырқындылары жыйнап алынады. Кәзіргі кезде қойға күніне үш рет жемшөп беріледі, екі рет суарылады. Қой—қыс суды аз ішетін мал. Дегенмен оларды күніне міндетті түрде екі рет суару керек. Өйткені кейбір қой суды тәнертеңдікте қанып інеді, ал кейбіреуі кемшілікте көп інеді, тіпті тәнертең де, көшкө де аз-аздап ішетін қойлар да бар. Демек күніне бір-ақ рет суарған-

ның сапасын қалағанын, ауыл шаруашылығына мал дәрігерлеріне хабарлап отыруға тиіс.

Міне, қой жүтудегі бұл секілді тәртіптің қатаң сақталуы үшін қой фермалары еңбексүйгіш тұрақты кадрлармен толықтырылуы, олар қой шаруашылығын ұйымдастыру, қой өсірудегі адамдарға еңбекке тәлеу тәртібімен жете танысуы қажет. Сонда ғана қой шаруашылығы мәлі табысты, жоғары өнімді шаруашылық бола алады.

**В. ГМЫЗИН,**

**Облыстық ауылшаруашылық басқармасының қой шаруашылығы жөніндегі бас зоотехнигі.**

ні үшін Степанов Сартомар дәрігерлік пунктінің шеңберушісі міндетінен босатылды.

### «КІМ КІНӘЛІ»

Преснов ауданы, Припегім совхозының жұмысшысы Ж. Тасболатовтың маскүнемдікке салынатындығын, сөйтіп семья тыныштығын бұзатындығын хабарлаған тілші хаты Преснов аудандық прокуратураға жіберілген-ді. Прокурор Кенжебаев жолдас Тасболатовтың жат қылықтары коллективте талқыланғандығын, оған әкімшілік жолымен тиісті шаралар қолданылғандығын хабарлады.

артта қалған аграрлы елден қарамағында дамыған металлургиясы бар индустриялық мемлекетке айналдырды. Халықтық Польшаның өнеркәсіп өнімі 1954 жылы соғыстан бұрынғы кезеңмен салыстырғанда 4,5 еседен астам ұлғайды. Кәзіргі уақытта Польша Халық Республикасы өнеркәсіп өнімінің көлемі жөнінен тек СССР-ға, Англияға, Германияға және аздап қана Францияға жол беріп, өнеркәсіп өндірісі жөнінен Еуропада бесінші орынға шықты. Польша өнеркәсіп өнімін Италияға қарағанда көп шығарады, ал өнеркәсіп өнімін жап басына өндіру мөлшері жөнінен ол Францияға кәзіргі өзінде жетті.

Халықтық Польшаны индустриялық жағынан өркендетудің аса маңызды қорытындысы берік отандық көмір-металлургиялық және энергетикалық база жасау болып табылады. Елде шойын қорытудың, көмір шығарудың, электр қуатын өндірудің өсуі соғыстан бұрынғы кезеңмен салыстырғанда мына мәліметтермен сыйпатталады:

1938 ж. 1954 ж.	
Болат (мың тонна есебімен)	1.441 4.100
Көмір (мың тонна есебімен)	38.000 91.400
Электр қуаты (миллион киловатт-сағат есебімен)	3.900 15.500

Социалистік индустрияландыру барысында Польшада өнеркәсіптің көптеген жаңа маңызды салалары құрылды. Ең алдымен машина жасау өндірісінің шұғыл дамуын атап өткен жөн. Кәзіргі уақытта елде машиналар мен станоктар соғыстан бұрынғыдан 9 есе көп, соның ішінде металл өңдейтін станоктар 15 есе көп шығарылды. Сондай-ақ өнеркәсіптің көме-жасау, автотомобиль, трактор, ауылшаруашылық машиналарын жасау сияқты салалары және басқалары құрылды. Гданьск көме жасау верфтері, Староховиц, Люблин және Варшава автомобиль заводтары, Варшавадағы «Урсус» трактор заводы, Плоцкидегі, Познаньдағы және Слупскідегі ауылшаруашылық машиналарын жасау заводтары өздерінің өндірісін үздіксіз, жылдан жылға ұлғайтып, елдің қажеттерін барған сайын ойдағыдай қанағаттандыруда.

Индустрияландыру барысында Польшаның еңбекшілері елдің өнеркәсіп қуатын

тұтынушыларға қол жеткізуде. 10 айда бытырғы жылдың осы мерзімімен салыстырғанда анағұрлым артық сатылды. Бұған өткен айларда 1954 жылдың осы мерзімімен салыстырғанда 12 мың сомның жармасы, 11 мың сомның кондитер тағамдары, 26 мың сомның сұйық майы артық сатылғанын айтсақ да жеткілікті.

Селолық тұтынушылар қоғамы өткен 10 айдың жоспарын 117 процент етіп артығымен орындады. Саудадан түсетін түсімнің жылдық жоспары 86 мың сом болса, ол да түгелге жуық орындалып отыр. Селолық тұтынушылар қоғамының

вет саудасының принципін жасауда малаушылықпен күресіп, ондай адамдарға кезінде тойтарыс берді.

Селолық тұтынушылар қоғамы өзінің жұмысындағы кемшіліктерді дереу жойып, тұтынушыларды азық-түлік және өнеркәсіп товарларымен қамтуды күн санап жақсарта береді, сөйтіп, жылдық жоспардың Советтік Конституция Бүкіл-Ел қабырға дейін орындалуын қамтамасыз етеміз.

**Л. ҚОНАРБАЕВ,**  
**Ленин селолық тұтынушылар қоғамының председателі.**

### Халықтық демократия елдерінде

## Ауыр өнеркәсіпті өркендету—Польшаны социалистік индустрияландырудың негізі

Ұлы Лениннің ірі машина өнеркәсібінің бірінші кезекте, басым өркендету туралы нұсқауын орындаушы басқа да халықтық демократиялық елдердің еңбекшілері сияқты, халықтық Польшаның еңбекшілері социализмнің экономикалық ірге тасын сағала және нығайта отырып, отандық ауыр индустрияны жасауға басты және негізгі жеңіл бөлуде. Елде ауыр индустрияны басым өркендету бағыты Польшаның біріккен жұмысшы партиясының сара жолы болып табылады. Халықтың өмірлік мүдделеріне сай келетін бұл бағытты қала мен деревняның барлық еңбекшілері бірауыздан қуаттауда.

Ауыр индустрияны басым өркендетуді қамтамасыз етіп, Польшаның еңбекшілері сол арқылы елдің бүкіл экономикасын өрге бастыру үшін, халықтың материалдық әл-ауқатын шұғыл жақсарту үшін мүмкіндіктер туғызуда. Елді индустрияландыру барысында «кімді кім жеңеді» деген мәселе социализмнің пайдасына шешілуде.

Ауыр индустрияны басым өркендету бағыты Польшаның халық шаруашылығын қалпына келтірудің ұшжылдық жоспарында-ақ (1947—1949 жылдар) белгіленген болатын. Ұшжылдық жоспарды ойдағыдай орындау соғыста және оккупация кезінде қыйраған кәсіпорындарды қалпына келтіруге ғана емес, сонымен қатар елдің өнеркәсіптік дамуын едәуір ілгері бастыруға мүмкіндік берді. Ұшжылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындау қорытындысында елдің ірі және орта өнеркәсіп орындарының жалпы өнімі 1937 жылғы дәрежелен 75 процент асып түсті. Өндіріс құрал-жабдықтарын өндіру 1949 жылы 1946 жылмен салыстырғанда 251 процентке, ал тұтыну құралдарын өндіру — 217 процентке жетті. Өндіріс құрал-жабдықта-рының басым дамуы өнеркәсіп өнімінің жалпы құнында олардың үлес салмағы-

ның 1938 жылғы 48 проценттен 1949 жылы 54 процентке дейін өсуін қамтамасыз етті.

Ауыр өнеркәсіпті бірінші кезекте, басым өркендету Польшада социализмнің іргесін нығайта отырып, отандық ауыр индустрияны жасауға басты және негізгі жеңіл бөлуде. Елде ауыр индустрияны басым өркендету бағыты Польшаның біріккен жұмысшы партиясының сара жолы болып табылады. Халықтың өмірлік мүдделеріне сай келетін бұл бағытты қала мен деревняның барлық еңбекшілері бірауыздан қуаттауда.

Ауыр индустрияны тез әрі басым өркендету жолында күресіп отырып, Польшаның біріккен жұмысшы партиясы буржуазиялық-помещиктік құрылыстан мұра болып қалған елдің экономикалық артта қалуын қысқа мерзімнің ішінде жою, халықтық Польшаны алдыңғы қатарлы индустриялық мемлекетке айналдыру міндетін алға қойып отыр. Осы ұлы міндетті ойдағыдай шеше, социалистік индустрияландырудың даму қарқынын үдете отырып, ПОРП басшылық еткен және дембелсен Польша Халық Республикасының еңбекшілері қала мен деревняда социализмнің жеңуін қамтамасыз етуде, халықтың материалдық әл-ауқатын шұғыл көтеру үшін барлық қажетті алғышарттарды жасауда, өз елінің қорғаныс қуатын нығайтуда.

Индустрияландырудың жоғарғы қарқынын, ең алдымен ауыр индустрияның дамуын қамтамасыз ету үшін халықтық Польшаның үкіметі өнеркәсіпке жылы сыйын орасан зор қаржы жұмсауда. Мәселен, алтыжылдық жоспарды жүзеге асырудың алғашқы төрт жылында халық шаруашылығына жұмсалған 102,6 миллиард злотыдан 1952—1953 жылдары мемлекеттік

қаржының жалпы сомасының 53—54 проценті өнеркәсіпті өркендетуге берілді. Алтыжылдықтың кейінгі жылдары күрделі қаржының өнеркәсіпке жұмсалатын үлесі бұдан да өсті.

Ауыр индустрияны басым өркендету жолымен үздіксіз алға басудың нәтижесінде, Совет Одағының туысқандық зор көмегі және халықтық демократия елдерімен ынтымақ жасауы арқасында халықтық Польша социалистік индустрияны құруда аса көрнекті табыстарға жетті. 1953 жылдың өзінде Польшада жан басына өндірілетін болат соғыстан бұрынғы кезеңмен салыстырғанда 3,5 есе өсті. Бүкіл өнімнің жалпы құнында өнеркәсіп өнімінің үлес салмағы осы жылы-ақ 1937 жылғы 48 проценттің орнына 78 процентке жетті. Сонымен қатар өнеркәсіп өніміндегі өндіріс құрал-жабдықтарының үлесі 1947 жылғы 47 проценттің орнына 55,8 процентке теңелді.

Алтыжылдық жоспарды жүзеге асыру жылдарында Польшада көптеген ескі металлургиялық заводтар кәзіргі заманғы техниканың негізінде қайта құрылды және едәуір кеңейтілді, жаңа ірі металлургиялық кәсіпорындар салынды және салынып жатыр. Батыс Еуропадағы ең ірі В. И. Ленин атындағы Новая Гута металлургия комбинаты поляк халқының мақтанышы болып табылады; бұл комбинаттың бірінші кезегі кәзіргі өзінде іске қосылды. Совет Одағы жабдықтар беріп отырған бұл комбинат толық қуатымен іске кіріскеннен кейін жылына 1,5 миллион тонна болат балқытады, яғни бұл соғыстан бұрынғы Польшаның қарамағындағы қара металлургияның барлық 23 завооның шығарған жылдық өнімінен асып түседі.

Социалистік индустрияның, әсіресе ауыр өнеркәсіптің тез өсуі Польшаны бұрын

өсіріп, нығайтуға жетуген бірге өндірісін күштерді халық шаруашылығының қажеттеріне сай келетіндей етіп неғұрлым тиімді орналастыруды ойдағыдай жүзеге асыруда.

Социалистік индустрияландырудың алтыжылдық жоспары елдің өндірісін күштерін дұрыс, неғұрлым тиімді орналастырудың басын бастап берді. Халықтық Польшаның экономикалық дамуда барып тұрған диспропорцияны, біржөкісіздікті мұра еткені белгілі. Елдің негізгі өнеркәсіп орындары 3—4 біршама шағын өнеркәсіп округтеріне орналастырылған, ал зор көлемдегі аграрлық территориялар, әсіресе шығыс аудандары территориялар өнеркәсіптік дамуға қосылмай қалды. Алтыжылдық жоспарға сәйкес жаңадан салынып жатқан өнеркәсіп орындарының 80 процентке жуығы бұрынғы индустриялық өнеркәсіп округтерінен тыс жерлерде құрылуда. Соның нәтижесінде елде бес жаңа ірі өнеркәсіп округтері — Варшава, Краков, Ченстохова, Куявек және Бельце округтері құрылды, мұның өзі халқы көп, кең, бұрынғы аграрлық территорияларды өнеркәсіптік дамуға қосауа мүмкіндік берді.

Социализмнің негіздерін қалаудың алтыжылдық жоспарын жүзеге асыра отырып, поляк халқы бұрынғы ескі және қайта қосылған жерлердің өнеркәсібінің біртұтас шаруашылық организм болып қосылу процесін ойдағыдай аяқтады. Қайта қосылған жерлердің жанданған және едәуір қайта құрылған өнеркәсібі кәзір елдің барлық халық шаруашылығымен тығыз байланыста болып, социализм орнату ісіне өзіндік нақты үлесін қосуда.

Польшаны социалистік индустрияландыру халықтың талпынқ құрылымын түбірімен өзгертуге жеткізді. Ауыр өнеркәсіптің өсіп, ілгері дамуымен бірге елде жұмысшы табы өсіп, шынығуда. Ауыл шаруашылығынан тыс жерде істейтін еңбекшілердің саны 1953 жылдың өзінде 5,6 миллион адамға жетті. 1954 жылғы жұмысшылар мен қызметшілердің саны 6.270 мың дерлік адам болды.

Ауыр индустрияны өркендетудегі табыстарға сүйене отырып, халықтық Польша

ша жеңіл және тамақ өнеркәсібінің қуатын қысқа мерзімнің ішінде едәуір жақартып, кеңейте түсті. Елде ондаған мата, аяқкиім кәсіпорындары, ет және сүт комбинаттары, сондай-ақ халық көп тұтына-тын бұйымдар шығаратын көптеген басқа да кәсіпорындар қайта құрылды, едәуір кеңейтілді және ең жаңа жабдықтармен қаруландырылды. Осы шаралардың нәтижесінде өкілші тараудың салалары кәзір өнімді соғыстан бұрынғыдан бірнеше есе көп шығарады.

Ауыр индустрияны кең көлемде және жан-жақты өркендету негізінде мемлекет ауыл шаруашылығын өрге бастыруды ойдағыдай жүзеге асыруда, бірақ ол белгілі дәрежеде өсуіне қарамастан, елдегі өнеркәсіп өндірісінің даму қарқынына әлі де болса ілесе алмай отыр. Мемлекет деревняны социалистік жолмен қайта құруда еңбекші шаруаларға зор көмек көрсетуде. Елдің өнеркәсібі тракторларды, басқа да ауылшаруашылық машиналарын, сондай-ақ минералдық тыңайтқыштарды деревняға барған сайын көп көлемде, мұның өзі егіншіліктің механизациясына және өрге бастыруға, сол арқылы ауылшаруашылық өндірісінің өсуіне көмектесуде. Быйығы жылы елде ауылшаруашылық машиналарын шығару 1953 жылмен салыстырғанда екі есе, ал тыңайтқыштар өндіру — 38 процент артады.

Польшаның біріккен жұмысшы партиясының Бкілші съезінің тарихи қарарларымен қаруланған Польша еңбекшілері өз елінің ауыр индустрияны онан әрі өркендету жолында зор өрлеумен күресуде. Алтыжылдық жоспарды ойдағыдай орындай отырып, олар бұрынғыдан да жылдам қарқынмен алға басып, социалистік құрылыста жаңа табыстарға жетудің берік негіздерін қалауда. Сол арқылы поляк еңбекшілері өз елінің экономикалық қуатын ғана емес, сонымен қатар бүкіл бейбітшіліктің, демократия мен социализмнің бүкіл қуатты және жеңілес лагерін нығайту ісіне зор үлес қосуда.

**Я. ИВАНОВ.**



## Төрт держава сыртқы істер министрлерінің Женевадағы кеңесі

### Қарусыздандыру туралы мәселенің талқылануы

ЖЕНЕВА, 12 ноябрь. (ТАСС). 10 және 11 ноябрьдегі мәжілістерде төрт держава-ның сыртқы істер министрлері кеңестің күн тәртібіндегі екінші пунктті — қарусыздандыру туралы мәселені талқылады.

Бұл мәселе жөнінде совет делегациясының басшысы **В. М. Молотов** бірінші болып сөз алды. Негізгі мәселе жеткен халықаралық проблемалардың бірі ретіндегі қарусыздандыру проблемасының маңызды екенін төрт державаның үкімет басшылары атап көрсеткенін еске салып, Молотов «төрт үкімет үшін қарусыздандыру саласында онан әрі пайдалы инициатива көрсету мүмкіндігінің бар-жоғын талқылауды» сыртқы істер министрлеріне міндеттеген үкімет басшыларының директиваларынан цитата келтірді.

Совет Одағының 10 майдағы ұсынысы осы директиваларға және Бас Ассамблеяның қарарларына сай келеді, бұл ұсыныста халықаралық шиеленісті босандыру және мемлекеттер арасында сенім тудыру мақсатымен шұғыл қадамдар жасау, ең алдымен, «қырыққабақ соғысты» және жаңа соғыс насихатын тоқтату қажет екендігі туралы мәселе қойылған болатын.

Совет ұсынысының мәнісін түсіндіре келіп, Молотов былай деп көрсетті: бес ұлы державаға арналған қарулы күштердің шек қойылған дәрежелері туралы, атом қаруына бір жолата тыйым салуды және оны мемлекеттердің қару-жарағынан алып тастауды күшіне енгізу мерзімдері туралы, қару-жарақты азайту және атом қаруына тыйым салу жөніндегі шараларды кезеңдер бойынша жүзеге асыру туралы батыс державаларының ұсыныстарына Совет Одағы келісті.

Молотов бұдан кейін совет ұсынысында келтірілген ережелерді баяндап берді, бұл ережелер қару-жарақты азайтуға және атом қаруына тыйым салуға пәрменді халықаралық бақылау жасауды қамтамасыз етеді.

Атом қаруына тыйым салу кезінде мемлекеттердің міндеттемелерді сақтауына бақылау қоюдағы техникалық қиыншылықтарды бекер демей, Молотов былай деп атап көрсетті: міне, сондықтан да, көзіргі жағдайда атом қаруын қолдануды айыптаудың орасан зор моральдік-саяси маңызы болған болар еді. Егер, деп көрсетті ол, төрт держава атом және сутегі қаруын бірінші болып қолданбауға міндеттесе, мұндай міндеттеме халықтардың бейбітшілік және шын мәнісіндегі хауіпсіздік жолындағы жүресінде елеулі себеп болған болар еді.

Қарусыздандыру проблемасын шешуді бақылау қою туралы мәселені шешуде

ныстырылмай отыр. Дегенмен Совет Одағы, бақылау формаларының бірі ретінде әуеден фотосуретке түсіру туралы мәселе қару-жарақты азайту және атом қаруына тыйым салу жөніндегі шараларды жүзеге асыруды аяқтау кезеңінде тиісті халықаралық желісінің орындалуына бақылау қоюмен байланысты қаралады деп есте ұстай отырып, жоғарыда көрсетілген ұсынысты дұрыс қарауға әзір отыр.

Совет делегациясының басшысы сонымен қатар былай деп атап көрсетті: Францияның премьер-министрі Фордтың және Англияның премьер-министрі Иденнің ұсыныстарын қарусыздандыру міндеттерін шешумен байланысты зейін салып зерттеуге әбден болады.

Біздің ойымызша, деп мәлімдеді Молотов, егер біздің арасында кейбір маңызды мәселелер жөнінде кәзіргі өзінде іс жүзінде қол жеткен келісімді тұжырымдап жатсақ және біз әлі ортақ көзқарасқа жетпеген мәселелерді онан әрі қару қажет екенін айқын айтсақ, міне сонда осы кеңес қарусыздандыру проблемасын шешуге маңызды үлес қосқан болар еді.

Совет делегациясының басшысы сөзінің қорытындысында кеңестің қарауына СССР үкіметінің жаңа ұсынысын енгізді. (бұл ұсыныс газетіміздің бүтінгі номерінде жарияланып отыр. —Ред.).

АҚШ делегациясының басшысы Даллес өзінің сөзін Совет Одағының позициясы салдарынан кеңесте «сенімнің кейбір дәрежеде жоғалғаны» анықталды-мыс деген мәлімдеме жасаудан бастады. Бұл дәлелсіз сылтау АҚШ мемлекеттік секретарына, тегі, қару-жарақты азайту және атом қаруына тыйым салу туралы мәселе жөнінде кәзіргі өзінде келісілген ұсыныстардан кейін шегіну үшін қажет болса керек. Шынында да, Даллес өзінің сөзін негізін президент Эйзенхауэрдің әуеден фотосуретке түсіру және әскери информация алысу туралы ұсынысына арнады. «Қарусыздандыру саласында табысқа жету пәрменді инспекция мен бақылау қоюға байланысты» деп мәлімдеп, Даллес сонымен бірге АҚШ-тың кәзіргі уақытта қарусыздандыру ойы жоқ екенін атап көрсетті.

Ол мұның себебін мемлекеттер арасында сенімнің жоқтығынан деп түсіндірді.

Бұдан кейін Пинз сөз алды. Ол «кәзіргі сыртқы істер министрлері қарусыздандырудың жалпы жоспарын «қолдана алмайды» деп мәлімдеді. Ол алдын-ала қолданылатын кейбір шаралар жайында келісімге жетуге шақырды, бұл шараларды қолдану қиыншылықтар тудырмаған болар еді деді. Пинз өзінің бұл арада президент

Эйзенхауэрдің инспекция мен бақылау системасы жөнінде келісімге қол жеткен жоқ дегенді айтты. Мұның себебі, деді Макмиллан, бақылау жайындағы совет ұсынысының «жеткіліксіздігінен», сондай-ақ ядролық қаруды бақылаудың қиын екендігінен болып отыр-мыс. Макмиллан кеңестің қарауына төрт державаның қарусыздандыру жөніндегі декларациясының жобасын енгізді.

Бұл жобада «қару-жарақты шектеу және азайту қажет екені» туралы тек қана тілек білдірілген, бірақ мемлекеттердің қару-жарағын азайтуға және атом қаруына тыйым салуға жеткізетін бірде-бір нақты қадам жасалмаған.

11 ноябрьдегі мәжілісте бірінші болып сөз алған Даллес, бұдан бұрынғы мәжілісте сыяқты, президент Эйзенхауэрдің ұсынысын шиеленісті босандыруға жеткізетін бірінші қадам деп жақтап бақты. Даллес атом және сутегі қаруына толық тыйым салу туралы келісім күшіне кіргенге дейін төрт держава ядролық қаруды қолданбауға өздеріне салтанатты міндеттеме алсын деген совет делегациясының ұсынысы «тек қана уәдес бергендік» болып табылады-мыс деді.

Даллестің ізінен сөз сөйлеген Пинз ядролық қаруды «бақылау әдістерінің жетілмеген әдістер» екеніне тоқталды.

Бұдан кейін Макмиллан сөз сөйлеп, қару-жарақты азайту және атом қаруына тыйым салу саласындағы келісілген ұсыныстардан үш батыс державасының жалтарып отырғанын ақтауға тырысты. Ол соның өзінде «техникалық жағынан да, сондай-ақ саяси жағынан да» болып отыр-мыс деген «өзгерістерді» дәлелге келтірді. Ол сонымен қатар кәзіргі уақытта қарусыздандыру мүмкін емес, өйткені қажетті сенім болмай отыр дегенді еске салды.

Совет делегациясының басшысы Молотов үш батыс державасының қарусыздандыру туралы жобасын сынады. Ол бұл жобаның жанталаса қарулануды тоқтату мақсаттарына сай келмейтінін, тіпті бұл мақсаттарға қайшы келетінін көрсетті. Бұл жоба Бас Ассамблеяның 1946 және 1954 жылдары қабылдаған қарарларына сай келмейді.

Мынаны тура айту керек, деп мәлімдеді Молотов: кеше енгізілген ұсынысқа қарағанда, АҚШ, Франция және Великобритания үкіметтері өткен жылы БҰҰ-ға өздері енгізген қарусыздандыру жөніндегі өз ұсыныстарынан бастартып отыр...

Жағдай былай болып отыр: төрт державаның арасында қарусыздандырудың бір-қатар маңызды мәселелері жөнінде, әсіресе Совет Үкіметінің 10 майда енгізген ұсы-

ныстырылмай отыр. Дегенмен Совет Одағы, бақылау формаларының бірі ретінде әуеден фотосуретке түсіру туралы мәселе қару-жарақты азайту және атом қаруына тыйым салу жөніндегі шараларды жүзеге асыруды аяқтау кезеңінде тиісті халықаралық желісінің орындалуына бақылау қоюмен байланысты қаралады деп есте ұстай отырып, жоғарыда көрсетілген ұсынысты дұрыс қарауға әзір отыр.

Совет делегациясының басшысы бұдан кейін мынаны атап көрсетті: батыс державалары техникалық қиыншылықтарды сылтау етіп, қару-жарақты азайту және атом қаруына тыйым салу туралы мәселе жөнінде келісімге жету ісінде бұдан былай күш-жігер жұмсауды тоқтатуды ұсынып отыр. Батыс державалары өкілдерінің қарусыздандыру саласындағы келісілген ұсыныстардан жалтарып отырғанын сыйпаттайтын олардың тиісті пікірлерінен цитата келтіріп, совет делегациясының басшысы бұдан кейін бақылау туралы мәселеге тоқталды. Ол былай деп атап көрсетті: Совет Одағы қару-жарақты азайтуға және атом қаруына тыйым салуға халықаралық қатаң бақылау қоюды жақтап келді және жақтап отыр. Бірақ батыс державалары, бақылау мен инспекция туралы айта отырып, қару-жарақты азайту және атом қаруына тыйым салу қажет екенін өсиен шығаруда. Егер жанталаса қарулану онан әрі жүргізілетін болса, ал біз бақылау мен инспекцияның егжей-тегжейлері туралы дискуссиямен шұғылдана беретін болсақ, деді Молотов, мұның өзі халықтардың қырағылығын босандыруға ғана болмас па екен, қару-жарақты онан әрі шектен тыс көбейтуге, атом және сутегі қаруының запарларын жыйнақтауға көмектескендік қана болмас па екен?

Молотов мынаны атап көрсетті: Совет Үкіметі кәзіргі жағдайдың өзінде де: біріншіден, атом қаруын моральдік-саяси жағынан айыптау және оған толық тыйым салу бағытында практикалық қадамдар жасау жолымен, екіншіден, совет делегациясының ұсынысында айтылып отырған бақылау пункттерін құру жолымен қарусыздандыру ісінде табысқа жетуге мүмкіндік бар деп санайды. Ал батыс державалары қару-жарақты азайту және атом қаруына тыйым салу жөніндегі шараларды кәзіргі уақытта жүзеге асыру жалпы алғанда мүмкін болмай отыр-мыс деп дәлелдеуге тырысуда.

Үш батыс державасының сыртқы істер министрлері айтқан сенім туралы мәселеге көшіп, Молотов өзара кінә тағу жолына түспеге шақырды. Бұдан гөрі, деді ол, басқа жолға түсу: мемлекеттер арасында, ең алдымен ұлы державалар арасында сенімді нығайтуға іс жүзінде қадамдар жасау жолы болмас па еді, мұнысыз қарусыздандыру проблемасын шешу мүмкін емес. Ал 10 майдағы совет ұсыныстары, Молотовтың атап көрсеткеніндей, осы мақсатқа бағындырылып отыр.

Совет делегациясы, деп мәлімдеді Молотов қорытындысында, былай деп санайды: біз осы кеңесте кейбір мәселелер жөнінде,



Біріп совет журналистерінің АҚШ-та болуы. СУРЕТТЕ: совет журналистерінің зәулім үйлердің бірінің төбесіне шығып, Нью-Йоркті қарап тұрған кезі.

(ТАСС-тың фотохроникасы).

### Италия коммунистік партиясы секретариатының хабары

РИМ, 13 ноябрь. (ТАСС). Италия коммунистік партиясының секретариаты Италиядағы «коммунистік баспасөз айлығының» қорытындылары туралы мазмұндама жариялады.

Мазмұндамада айлықтың зор табыспен өткендігі атап көрсетіледі. Айлыққа байланысты 20 мыңнан астам мерекелер және басқа шаралар өткізілген, оған бірнеше миллион адам қатынасты; қор жыйнауға («Унита» газеті қорына. —Ред.) 100 мыңдаған адам қатынасты. Өртүрлі әлеуметтік топтың және өртүрлі саяси

сенімдегі адамдар коммунистік баспасөз органына жазылушылар болып табылады.

Мазмұндамада, сонымен қатар, «Унита» газетінің қорына, еңбекшілердің белгіленген 500 миллион лираның орнына, 600 миллион лира жыйнағандығы хабарланды. «Бұл фактілердің барлығы, — делінген мазмұндаманың қорытындысында, — коммунистік партияның итальян халқымен тығыз байланыста екендігін сыпаттайды, еңбекшілердің өз газетіне деген ықыласының жаңа айтағы болып табылады...»

### Қытай деревнясында сауатсыздықты жою жолындағы өрлеу

ПЕКИН, 14 ноябрь. (ТАСС). Қытай Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің шақыруы бойынша Қытай деревнясында сауатсыздықты жою жолындағы өрлеу жаңа күшпен өрістетілуде. Бұл өрлеу кәзіргі көп миллиондаған қытай шаруаларын, негізінен алғанда, село жастарын қамтуда. Өткен жылдардың ішінде ауыл шаруашылығының 30 миллион жас еңбекшілері сауатсыздықты жойды. Таулардағы жеті жыл ішінде, екінші бесжылдықтың аяғына таман тағы да 70 миллион шаруалардың арасында сауатсыздықты жойылатын болады.

Сауатсыздықты жою жолындағы жү-

мыста социализмнің жас құрылысшыларының Бүкілқытайлық слетінің шақыруы бойынша ауылшаруашылық өндірісіне келген жастар — орта немесе бастауыш мектептерді бітіріп шыққандар үлкен роль атқаруда. Үстіміздегі жылы деревняға 4 миллионнан астам жас патриоттар келді. Бірінші бесжылдықтың аяғына дейін олардың саны 10 миллион адамға дейін артады. Сауатсыздықты жою жолындағы жұмыс, деп жазады «Гуанмин-жибао» газеті бүгінгі басмақаласында, ұлы мәдени революция болып табылады және Қытай деревнясында социалистік өзгерістерді табысты жүргізу үшін орасан зор маңызы болады.



бастау керек деген сөздерге тоқтай келіп, совет делегациясының басшысы былай деді: іс жүзінде мұндай сөздер жанталаса қарулануды тоқтату міндетін шешудің орнына бақылау қойудың әртүрлі қиыншылықтары жайындағы бос сөздерді сылтау етуге тырысқандық болады. Міне бұл тек жанталаса қарулануға мүдделі болып, атом соғысының қатерін өз мақсаттарына пайдалануға тырысып отырғандарға ғана еркіндік берген болар еді.

СССР мен АҚШ арасында әуелен фотосуретке түсіру және әскери информация алысу туралы президент Эйзенхауэрдің ұсынысына тоқталып, Молотов мынаны атап өтті: бұл ұсыныс жанталаса қарулануды тоқтату туралы мәселеден үзіп алынып, іс жүзінде бұл міндетпен байла-

терде бақылау күзеттерін қою туралы СССР Министрлер Советінің Председатели Н. А. Булганин тұжырымдан берген ұсынысты, сонымен қатар «соғыс шығындары мен бюджеттері туралы мәліметтердің жұртқа кеңінен жариялануын» қамтамасыз ету жайындағы ұсынысты ескеріп отырғанын айтты. Пинэ соңғы ұсынысты француз премьер-министрі Фордың белгілі ұсынысы деп көрсетті, бірақ Фордың ұсынысында соғыс бюджеттері туралы информация алысу туралы емес, қайта соғыс бюджеттерін азайту туралы айтылғаны жұртқа мәлім.

Пинэнің ізінше сөз сөйлеген Макмиллан қарусыздандыру туралы мәселе жөнінде келісілген ұсынысқа жету көзіртгі уақытта мүмкін болмайды-мыс, өйткені халықара-

мүмкіндігі байқалысымен-ақ үш держава кейін шегініп, келісімге жету жолында қол жеткен табыстарды жоққа шығара бастады.

Үш батыс державасы жобасының жеке пункттеріне талдау жасауға тырысып, Молотов бұл жобада атом және сутегі қаруы қарудың басқа түрлерімен бірге бір жақшаның ішіне алынып отырғанын атап көрсетті. Сөйтіп, деді ол, жашпай қырып-жоятын, халықтар үшін ерекше қауіпті қару болып табылатын ядролық қару проблемасы алынып тасталып отыр. Молотовтың көрсеткеніндей, үш батыс державасының жобасы атом қаруына тыйым салу туралы мәселені іс жүзінде күн тәртібінен алып тастайды, тіпті бұл қаруды жария қаруға айналдырады.

Сөйтіп, бұл арада тіпті талдау ғана келісімге қол жеткен мәселелер жөнінде келісе алар едік. Ал біздің өз пікірлерімізді келісе алмаған мәселелер жөнінде оларды БҰҰ-ның тиісті органдарында онан әрі қарау жайында келісілген ұсыныстар қабылдауға болар еді.

Совет делегациясы басшысының сөзінен кейін министрлер кеңестің күн тәртібіндегі екінші пункт жөнінде онан әрі пікірлер айтты.

Қарусыздандыру туралы мәселе 12 ноябрьдегі мәжілісте онан әрі қаралады.

11 ноябрьдегі мәжілісте председателдік етуші Молотов мынаны хабарлады: төрт министр, мұның өзі бұдан бұрын ұсынылғанындай, кеңесті өз жұмысының үшінші аптасының аяғында аяқтау жайында келісілген қарарлар қабылдады.

## Түркияда муниципалдық сайлаудың нәтижелері

АНКАРА, 14 ноябрь. (ТАСС). Кеше Түркияда муниципалдық сайлаулар өткізіліп, оған үстем демократиялық партия, Түркияның шаруалар партиясы, тәуелсіз кандидаттар қатынасты. Халықтық-республикалық партия және республикалық-ұлттық партия сайлауға байкот жариялады.

Газеттер сайлаушылардың белсенділігінің төмен екенін атап көрсетеді. Мәселен, Стамбулда дауыс беруге сайлаушылардың 10 процентке жуығы ғана қатынаскан.

«Ени Истамбул» газеті демократиялық партияның мүшелері ғана кандидаттыққа ұсынылған жерлерде сайлаушылар белсенділігінің өте төмен болғандығын атап көрсетеді.

«Ватан» газетінің хабарлауынша, тәуелсіздер 28 вилайеттермен (барлығы 66 вилайет) жеңіске ие болған, үш вилайетте кандидаттар аралас тізім бойынша, екі вилайетте —Түркияның шаруалар партиясының өкілдері, ал қалғандарында — демократиялық партияның өкілдері өткен.

## АҚШ-тың және Англияның әскери өкілдерінің Иранға баруы

ТЕГЕРАН, 14 ноябрь. (ТАСС). «Этте-лат» газетінің хабарына қарағанда, Американың Африка және Орта Шығыс елдеріндегі әскери кеңесшілері миссиясының басшысы генерал Кук өз штабының бір топ офицерлерімен бірге 12 ноябрьде Тегеранға келген.

Генерал Кук, газеттердің атап көрсетуіне қарағанда, Ирандағы американдық әскери кеңесшілермен бірге «Иранға Америка соғыс көмегін беру тәртібі туралы

мәселе» талқылайтын болады, сонымен қатар Иранның бірлескен қарулы күштері штабының бастығымен, соғыс министрлерімен және басқа да әскери қайраткерлермен кездесетін болады.

«Бейхан» газеті Англияның Орта Шығыс елдеріндегі соғыс-теңіз атташесі Линклер сол күні Тегеранға келді деп хабарлайды.

Газеттің жазуына қарағанда, Англияның вице-адмиралы Норрис 19 ноябрьде Иранға келетін болған.

Сот залынан

## КІСІ ӨЛТІРУШІ АТУ ЖАЗАСЫНА ҮКІМ ЕТІЛДІ

Осы жылғы 8 августа кешкі сағат 8-де теміржолшылар паркіндегі би алаңында Чусовитин дейтін Омск темір жолындағы 5-жол дистанциясының қызметкері Анатолий Тимошаровты өлтірген болатын.

Бұл істі зерттей келгенде бұрын Тимошаров пен Владимир Ефимович Чусовитин дегеннің бірге жұмыс істегендігі, сол кезде ол екеуінің арасындағы қарым-қатынастың өте нашар болғандығы анықталды. 8 августа мас болып би алаңына

келген Чусовитин сол жерде Тимошаровты кездестіреді және ош алу мақсатымен Тимошаровты пышақтап өлтіреді.

Солтүстік Қазақстан облыстық сотының қылмысты істер жөніндегі сот коллегиясы бұл істі қарап, кісі өлтірген Чусовитинді ең қатаң жаза—атуға үкім етті.

И. ПАН,  
Қалалық прокурор.

Редактор Ғ. МҰХАМЕДЖАНОВ.

## Төрт державаның сыртқы істер министрлері кеңесінің қару-жаракты азайту және атом қаруына тыйым салу мәселелері жөніндегі қарары

(СССР делегациясының ұсынысы)

Мемлекеттер арасындағы қатынастарда шиеленісті бәсеңдету, олардың арасында өзара сенімді нығайту және жаңа соғыс қатерін жою мақсаттары үшін Совет Одағының, Америка Құрама Штаттарының, Великобританияның және Францияның үкіметтері қару-жаракты азайту және атом қаруына тыйым салу туралы халықаралық конвенцияны неғұрлым тез жасау мақсатына күш-жігер жұмсауды қажет деп табады.

Қару-жаракты азайту және атом қаруына тыйым салу мәселесі жөнінде өзара пікірлер алысу нәтижесінде олар былай деп келісті:

1. АҚШ, СССР және Қытай қарулы күштерінің дәрежелері бұл державалардың әрқайсысы үшін бір миллионнан біржарым миллион адамға дейінгі мөлшерде белгіленеді; Англия мен Франция үшін 650 мың адамнан белгіленеді; соның өзінде Қытай үшін көзделген дәреже туралы мәселе, сол сыяқты бұл мәселемен байланысты Қытайдың қарулы күштеріне қатысы бар басқа да мәселелер, Қытай Халық Республикасы үкіметінің қатысуымен қаралуға жатады.

Барлық қалған мемлекеттер үшін қарулы күштердің дәрежелері 150-200 мың

адамнан артпайтын болады. Сонымен ол тиісті халықаралық конференцияда келісіп алуға жатады.

2. Атом және сутегі қаруына толық тыйым салу дағдылы типтегі қару-жаракты және қарулы күштерді азайту келісілген азайту мөлшерінің 75 проценті дәрежесінде жүзеге асырылғаннан кейін күшіне кіреді. Бұл қаруды мемлекеттердің қару-жарағынан алып тастау және оны құрту келісілген азайту мөлшерінің соңғы 25 проценті дәрежесінде қару-жаракты азайтудың барысында аяқталатын болады. Міне сонда барлық атом материалдары тек қана бейбіт мақсаттар үшін қолданылатын болады.

3. Қару-жарак пен қарулы күштерді азайту жөніндегі шараларды жүргізе бастаумен қатар төрт держава атом және сутегі қаруына толық тыйым салу туралы келісім күшіне кіргенге дейін ядролық қаруды қолданбауға өздеріне салтанатты міндеттеме алады, бұл қаруды өздері үшін тыйым салынған қару деп санайды. Хауіпсіздік Советінің тиісті қарары қабылданған кезде, агрессияға қарсы қорғану мақсаттары үшін бұл ережеден тыс жеңілдік жасауға болады.

4. Атом және сутегі қаруына ие болып отырған мемлекеттер қару-жаракты азай-

ту және атом қаруына тыйым салу программасын жүзеге асырудың бірінші кезектегі шараларының бірі ретінде қарудың бұл түрлерін сынауды тоқтатуға міндеттенеді.

5. Қару-жаракты азайту және атом қаруына тыйым салу жөніндегі шараларды жүзеге асыруға халықаралық пәрменді бақылау қойылады.

### II

Төрт державаның сыртқы істер министрлері Біріккен Ұлттар Ұйымында қаралуға жататын жоғарыда көрсетілген конвенцияның әлі де келісілмеген мәселелері жөнінде қажетті келісімге жету үшін күш-жігер жұмсауды қажет деп тасты. Халықаралық шиеленісті бәсеңдетуге, мемлекеттер арасында сенімді нығайтуға және жанталаса қарулануды тоқтатуға ұмтылған талапты басшылыққа ала отырып, министрлер осыған байланысты мынадай ұсыныстарда көзделген ережелерді еңалдымен қарау қажет деп келісті, бұл ережелер:

а/ қару-жаракты азайту, атом қаруына тыйым салу және жаңа соғыс қатерін жою мәселелері жөніндегі осы жылғы 20 майдағы СССР ұсынысында,

б/ әуелен фотосуретке түсіру және әскери информация алысу туралы АҚШ пре-

зидентінің 21 июльдегі ұсынысында,

в/ қарусыздандыру туралы мәселе жөнінде 21 июльде және 29 августа енгізілген Великобритания үкіметінің ұсынысында және

г/ қарусыздандыруды финанс жағынан бақылау туралы және босап қалған ресурстарды бейбіт мақсаттарға жұмсау туралы Франция үкіметінің ұсынысында баяндалған.

### III

Адамдарды жашпай қырып-жоятын қару болып табылатын атом және сутегі қаруын қолдануға жол бермеуге және жойқын атом соғысының қатерінен халықтарды құтқаруға берік бел байлап отырған Совет Одағының, Америка Құрама Штаттарының, Великобританияның және Францияның үкіметтері сонымен бірге салтанатпен былай деп мәлімдейді:

Қару-жаракты азайту және атом қаруына тыйым салу туралы халықаралық конвенция қапнан жасалғанға дейін Совет Одағы, Америка Құрама Штаттары, Великобритания және Франция қайсы бір елге қарсы атом және сутегі қаруын бірінші болып қолданбауға өздеріне міндеттеме алады және барлық қалған мемлекеттерді осы декларацияға қосылуға шақырады.

## ФРАНЦИЯДАҒЫ ЕРЕУІЛ

ПАРИЖ, 14 ноябрь. (ТАСС). Ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ететін аэродром қызметкерлерінің 10 ноябрьде жарияланған ереуілі әлі болып жатыр. Бүгін таңертең оған өзіндік материалдық жағдайын жақсартуды талап еткен Лион аэродромының қызметкерлері желін қосылды.

АРГЕНТИНАДАҒЫ ЖАҒДАЙ ЖАЙЫНДА  
НЬЮ- ЙОРК, 14 ноябрь. (ТАСС). Юнайтед Пресс агенттігі тілшісінің Буэнос- Айрестен берген хабарына қарағанда, Аргентинаның президенті Лонарди кеше орнынан түскен. Президенттің міндетін генерал- майор Петро Арамбуру атқаратын болады.

## ЕЛГЕ ШЕТЕЛДІК ӘСКЕРЛЕРДІҢ ӘКЕЛІНІЛУІНЕ ҚАРСЫ МАЛАЙЯДАҒЫ ҚЫР КӨРСЕТУЛЕР

ЛОНДОН, 14 ноябрь. (ТАСС). Рейтер агенттігінің хабарына қарағанда, августтағы сайлауда жеңіске ие болған үш саяси топтың бірі болып табылатын Малайяның біріккен ұлттық ұйымының

Сингапурдегі бөлімшесі «террористер» (Ұлттық- азаттық қозғалысы. —Ред.) деп аталатындарды басу үшін Малайяға Австралия әскерлерінің әкелінілуіне қарсы бағытталған қарарлар қабылдаған.

РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-86, редактордың орынбасары — 1-59, секретариат — 1-33, партия және насихат бөлімдері — 0-22, ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп-транспорт бөлімдері — 2-36, мәдениет-тұрмыс, хабар және тілшілер бөлімдері — 3-39, корректорлар бюросы — 4-39, газет баспасы — 5-53, газет табыс етілмесе 1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.

УШ 02392

Қазақ ССР Мәдениет министрлігі баспа және полиграфия өнеркәсібі Жоғарғы басқармасының № 18 баспаханасы, Петропавл қаласы, Ленин көшесі 21-үй.